

**БИГЕЛДИНОВ БИІГІ**

4-БЕТ | ТҰЛҒА



**ҚАНТ ТАПШЫЛЫҒЫ: ҚАУІП БАР МА?**

7-БЕТ | ҚОҒАМ



**ҚАЗЫНАЛЫ ҚОРҒАЛЖЫН**

8-БЕТ | САРАПТАМА

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Келесі өзекті мәселе – денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру. Бұл жұмыс өте баяу жүріп жатыр. Жалпы, цифрландырудың қазіргі деңгейі дәрігерлердің жұмысын жеңілдетіп отырған жоқ. Денсаулық сақтау саласында 40-тан астам ақпараттық жүйе жұмыс істейді. Әр жүйенің өз кемшіліктері бар. Министрлік болса жауапкершіліктен қашып, нақты шешім қабылдамай отыр. Ал мұның зардабын дәрігерлер мен азаматтар тартуда. Үкімет осы мәселені тез арада шешуі керек.

№91 (4369)
Бейсенбі
4 тамыз
2022 жыл

Nur-Sultan

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

# ОНЛАЙН ОҚЫТУ ЕНГІЗІЛМЕЙДІ

Еліміздің бас санитар дәрігері Айжан Есмағамбетова өңір «қызыл» аймаққа кірген жағдайда білім беру саласына енгізілетін шектеулер туралы мәлімет берді.



«Біріншіден, мектептерде санитарлық-зарарсыздандыру жұмысы күшейтіледі. Кіреберісте сүзгі орнатылып, педагогтар мен қызметкерлердің дене қызуын өлшеу қолға алынады. Жалпы қашықтан оқыту форматы енгізілмейді. Дегенмен «қызыл» аймаққа түскен өңірлерде мәдени, тәрбие іс-шараларын, сынып және ата-аналар жиналысын өткізуге, сонымен қатар балабақшаларда топтарды біріктіру арқылы өткізілетін іс-шараларға тыйым енгізіледі. Мектептерде жоғары, орта және төменгі сынып оқушыларын бөлектеу жүргізілуі мүмкін. Бұл оларды мүмкіндігінше бір-бірімен кездеспеуі үшін жасалады» деді бас санитар дәрігер.

# ЖҰМЫС ЖӘРМЕҢКЕСІНЕ ШАҚЫРАДЫ

Бүгін елордада жалпықалалық бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтеді.

Жұмыс жәрмеңкесі сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін Жастар сарайының ғимаратында өтеді. Іс-шараға 50-ден аса кәсіпорын мен мекеме, сондай-ақ жеке ұйымдар қатысып, бос жұмыс орындарын ұсынатын болады.







# АҚЫЛЫ ТҰРАҚТАР КӨЛІК АҒЫНЫН АЗАЙТАДЫ

Елордада көшелердің өткізу қабілетін арттыру және жол-көлік оқиғалары санын азайту мақсатында іске қосылған ақылы тұрақтарға қатысты қала тұрғындары тарапынан өтініш-тілектер айтылған еді. Осы жағдайға байланысты Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің тапсырмасы бойынша әлеуметтік нысандардың жанында орналасқан 55 жер учаскесінен ақылы тұрақтар алынып тасталды.

3

САНСӨЙЛЕМ

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУҒА

**1 300**

ГРАНТ БӨЛЕДІ



# СЕН МЕНІҢ ЖҮРЕГІМНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Елордада «Жүрек орталығы» қорының ұйымдастыруымен қайырымдылық жарыс өтеді. «Сен менің жүрегімнің чемпионысың!» атты іс-шара Қазақстандағы алғашқы жүрек трансплантациясының 10 жылдығына орайластырылған.

Қайырымдылық жарыс 7 тамызда, сағат 8:00-ден 10:00-ге дейін өтеді. Ізгілік шарасына байланысты қала көшелерінің бірқатар учаскелері жабылады:

– Түркістан көшесі Орынбор көшесінен басталып, Бұқар жырау көшесі, Ұлы дала даңғылы арқылы өтіп, EXPO алаңын толығымен айналып өтеді;

– Ақмешіт көшесі EXPO алаңынан Ұлы дала даңғылы арқылы Бұқар жырау көшесіне дейін.

Сондай-ақ Орынбор, Түркістан және Бұқар жырау көшелерінің бойындағы Ботаникалық бақ аумағындағы тұрақ орындарының кіреберістері мен шығуларын тиісті уақыт кезеңінде жабу жоспарланып отыр.

Жарысты ұйымдастырушылар елорда тұрғындары мен қонақтарын жолдарда кептеліс тудырмау үшін өз маршрутын алдын ала жоспарлап, түсіністікпен қарауын сұрайды.

№91 (4369) 04/08/2022 Бейсенбі

# ТҮЛЕКТЕРДІҢ ОҚУ АҚЫСЫ ТӨЛЕНЕДІ

Әлеуметтік осал топқа жататын елордалық түлектердің жоғары оқу орнында білім алу ақысын әкімдік өтейді. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов мәлімдеді.

«Жаңа оқу жылында педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша жоғары білім алуға 1300-ге жуық грант бөлуді жоспарлап отырмыз. Одан бөлек, әлеуметтік көмек бойынша жеке бағдарлама қарастырылған. Жағдайы төмен отбасыдан шыққан талапкерлердің қала университеттерінде білім алуы үшін оқу ақысын төлеу түрінде әлеуметтік көмек көрсетеміз. Бұл бағдарлама бойынша құжат қабылдау 21 тамызға дейін жалғасады. Оқу ақысын төлеу түріндегі әлеуметтік көмек жетім балалар, балалар үйінің түлектері, бала күнінен мүгедек, көпбалалы отбасылардан шыққан балалар арасында бөлінеді. Білім алу еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша жүргізіледі. Олар: биотехнология, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, геодезия және картография, сәулет, мектепке дейінгі білім беру, инженер, жалпы медицина, педагогика, IT сала, жылу энергетикасы, азық-түлік өнімдерінің технологиясы, электр энергетикасы және өзгелері» деп жазды қала басшысы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

Аталған әлеуметтік көмекті алу үшін қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына хабарласу керек. Сондай-ақ өтінішті eGov порталы арқылы электронды түрде беруге болады. «Әлеуметтік көмек отбасының бір мүшесі үшін 4 ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінен (190088 теңге) аспайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы болған кезде ақшалай төлем түрінде тағайындалады. Толық ақпаратты әкімдіктің ресми сайтынан оқуға болады» деп түсіндірді елорда әкімі.



# 1147 ОТБАСЫ КӨШІП КЕЛДІ

Еліміздегі жұмыс күші тапшы өңірлерге 1147 отбасы немесе 3,8 мың адам қоныс аударды. Бұл туралы Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова мәлімдеді. Министр қоныс аударғандардың ішінде 540 адам шетелден келген қандасымыз екенін айтты.

«Өңірлер бөлінісінде қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдау бойынша Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізілді, Қарағанды және Ұлытау облыстары бұл көрсеткіш бойынша артта қалып келеді. Қоныс аударушылардың жартысына жуығы немесе 44 пайызы – 29 жасқа дейінгі жастар» деді құзырлы министрлік басшысы.

Министр «Ашық Қазақстан 500+» көші-қон саясатының тұжырымдамасы әзірленгенін де атап өтті. Ол еліміздің экономикалық дамуындағы кадрмен қамту мәселесін қолдауға бағытталған. Сондай-ақ Тамара Дүйсенова «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын табысты іске асыру бойынша жұмыс жалғасатынын атап өтті.



# ІНДЕТ ӨРШІСЕ, САҚТЫҚ КҮШЕЙЕДІ

Үкімет үйіндегі кезекті отырыста еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал қаралды. Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният баяндама жасап, әлемде індеттің өсуі жалғасып, зерттелген үлгілердің 95 пайызын құрайтын «Омикрон» штамы басым нұсқа екенін айтты.

Ресми статистикаға сәйкес, елімізде пандемия басталғаннан бері коронавирус инфекциясымен 1 млн 400 мыңнан астам адам ауырып, аурудың 5 толқыны болды. 20 маусымнан бастап республика бойынша КВИ-мен сырқаттану арта бастады. Соңғы екі аптада ауырған адамдардың саны 3,2 есеге өсті. Өткен тәулікте КВИ-дің оң нәтижесімен 2021 жағдай, КВИ-дің теріс нәтижесімен 1 жағдайы тіркелді, өлім-жітім жоқ.

Эпидемиологиялық жағдайды бағалау үшін «Омикрон» нұсқасының сипатын, денсаулық сақтау жүйесіне жүктемені және саланың дайындығын ескере отырып, Денсаулық сақтау министрлігі 2022 жылғы 15 шілдеден бастап сырқаттану көрсеткішін 100 мың тұрғынға шаққандағы ауруханаға жатқызу көрсеткішіне ауыстыра отырып, ағымдағы матрицаны өзектендірді. Ведомство басшысының айтуынша, бағалау матрицасына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласы «сары» аймақта, Қазақстан Республикасы және қалған өңірлер «жасыл» аймақта тұр. Қазақстан Республикасында коронавирус инфекциясымен сырқаттанудың өсуі маусым айының ортасынан бастап тіркелуде, аурудың ең көп өсуі еліміздің 6 өңірінде байқалады, онда соңғы екі аптада сырқаттану 5 есе және одан жоғары өсті.

Денсаулық сақтау министрінің айтуынша, сырқаттану 3-тен 5 есеге дейін өскен өңірлердің екінші тобына республиканың 5 өңірі енді. Сырқаттанудың 3 есеге дейін өсуі еліміздің 6 өңірінде байқалады.

«Бүкіл әлемдегідей «Омикрон BA.5» штамының нұсқасы тудырған COVID-19-дың кезекті толқыны осы жылғы шілдеде елімізде жүргізілген генетикалық зерттеу нәтижелері бойынша зерттелген үлгілердің 70 пайызында анықталды. Бұл нұсқа жоғары жұқпалығымен сипатталады және «Дельта» нұсқасымен салыстырғанда ауру әлдеқайда жеңіл өтеді. Бұл науқастардың 94 пайыздан астам амбулаторлық жағдайда емделетіндігімен де расталып отыр» деді Ажар Ғиният.

Стационарлық ем қабылдайтын науқастардың жағдайын талдау кезінде 36 пайызы 18 жасқа дейінгі балалар, 64 пайызы ересектер екені, ал ауырған барлық адамдардың 52 пайызында қосалқы созылмалы аурулары бар екені анықталды.

«Өткен жылмен салыстырғанда індетке күдікті жедел медициналық көмекке шақырулар саны 3,7 есеге азайғанын атап айтқым келеді, бұл көрсеткіш те аурудың жеңіл түрде өтіп жатқанын айқындайды» деді министр.

Ведомство басшысының хабарлауынша, ауырған адамдардың 80 пайызы екпе алмағандар немесе 6 ай бұрын екпе алғандар екенін ескерсек, уақытында індетке қарсы ревакцинациямен қамту қажет екендігін көрсетеді.

Ажар Ғиният республикада ревакцинация одан әрі жалғасып жатқанын айтты. Бүгінде ревакцинацияны 5 млн-нан астам адам алды, бұл тиісті контингенттің 68 пайызын құрайды. Аурудың өршуіне байланысты, эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасының өзектенуін ескере отырып, Денсаулық сақтау министрлігі аймақтар бойынша шектеу шараларын қайта қарады және бұл шараларды Ведомствоаралық комиссия мақұлдады. Мәселен, «жасыл» және «сары» аймақтарда шектеу шаралары бизнес нысандарының қызметін шектемей, инфекция көзін оқшаулауға бағытталған. Яғни нысандарда санитарлық-дезинфекциялық тәртіпті күшейту, қоғамдық орындарда, қоғамдық көлікте медициналық маска тағу ұсынылады.

«Қызыл» аймақта шектеу шаралары денсаулық сақтау жүйесінің жүктемесіне байланысты екі кезеңмен қабылданатын болады.

# ЖАСӨСПІРІМДЕР МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Елордадағы Ш.Құдайбердіұлы атындағы №56 мектеп-лицейде Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкеннің төрағалығымен қала әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысы өтті.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Комиссияның кезекті отырысына қалалық Білім, Қоғамдық денсаулық сақтау, Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармалары мен Алматы, Сарыарқа, Есіл, Байқоңыр аудандарының полиция департаменттерінің, сондай-ақ «Құқық» қоғамдық қорының өкілдері қатысты.

– Қазіргі уақытта балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселесі қоғам алдындағы өзекті проблеманың біріне айналды. Бүгінгі таңда бұл – жаһандық проблема, оның салдары ауыр. Сондықтан балалар мәселесіне баса мән беру керек, – деді кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның хатшысы Қарлығаш Саркенова.

Бүгінде отбасында ата-ана мен жасөспірім арасындағы түсініспеушілік, үлкендердің бала тәрбиесіне немқұрайлы қарауы, мектеп жасындағылардың сабаққа бармауы күнделікті өмірде жиі кездесіп жатады. Ал бос жүрген баланың бір «бәлеге» ұшырайтыны белгілі. Отырыс барысында осындай жүгенсіз жүрген жасөспірімдерді девиантты мінез-құлықты балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатқа жіберу мәселесі қаралды.

Сондай-ақ кәмелетке толмаған балаларды деструктивті діни ағымдарға тартудың алдын алу, ішкі істер органдарында есепте тұрған кәмелетке толмағандарды медициналық-әлеуметтік есепке алу және кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу мәселесі кеңінен талқыланды.

Ел ішінде жүретін бірқатар пойыздың нөмірі мен қатынау бағыты өзгерді.

# ПОЙЫЗДАР БАҒЫТЫ ӨЗГЕРЕДІ

Атап айтқанда, осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап әлеуметтік маңызы бар күнделікті №86/85 Нұр-Сұлтан Нұрлы жол-Шымкент пойызы және стандартты вагондармен жасақталған №71/72 Нұр-Сұлтан-1-Шымкент күнделікті қатынайтын коммерциялық пойызы жүретін болады. Сонымен қатар биыл 5 қыркүйектен бастап №71/72 пойыздың Нұр-Сұлтан Нұрлы жол-Шымкент бағытындағы және №10/9 пойыздың Нұр-Сұлтан-1-Алматы-1 бағытындағы қатынасы өзгереді.

## ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

***Израиль ғалымдары қағазды бірнеше рет қолдану үшін оны лазермен тазалайтын ерекше принтер ойлап шығарды.***

Бұл принтердің міндеті біз қолданып жүрген принтерден өзгеше. Онымен қағазға басылған мәтінді мүлдем өшіріп тастауға болады. Сия лазердің көмегімен жойылады. Мамандар бұл құрылғы арқылы бір қағазды 10 рет қолдануға болатынын айтады. Жаңа технология қоршаған ортаның ластанбауына да септігін тигізбек әрі табиғи ресурстарды сақтауға таптырмас мүмкіндік береді.



***Қытайдың Шэньчжень қаласында роботакси қызметіне кірісті.***

18 млн халқы бар шаһарда автономды көліктің қозғалысына ресми түрде рұқсат берілген. Роботакси түрлі сенсорлармен жабдықталған. Көлік басқаратын орын бос болғанмен, қасындағы орындықта жүргізуші міндетті түрде отыруға тиіс. Бұл – жолдағы қауіпсіздікті сақтау үшін қажет шара. Ережеге сәйкес, жол апаты кезінде мұндай көлік кімнің басқаруында болса, онда сол адам жауапкершілікке тартылады.




***Германия астанасында енді түнгі уақытта қаланың басты көрікті жерлері жарықтандырылмайды.***

Бұл тізімге 200 нысан кіреді. Олардың арасында Берлин кафедралды шіркеуі, Шарлоттенбург, Жеңіс бағанасы бар. Басқа шіркеулер мен көпірлерді де жарықтандыру тоқтатылады. Қала билігі энергияны тиімді пайдалану үшін осындай қадамға барды. Осылайша жылына 200 киловатт сағат үнемделеді. Бастамаға алғашқылардың бірі болып Германия президенті қолдау білдіріп, өзінің сарайына жарық түсіруді тоқтатты.

№91 (4369) 04/08/2022 Бейсенбі

# БИЫЛ ЕЛОРДАДА 11 МЕКТЕП АШЫЛАДЫ

2022 жылы Нұр-Сұлтанда жыл соңына дейін барлығы 11 мектеп салынып, пайдалануға беріледі. Бұл – 23 мыңнан астам оқушы жаңа мектеп табалдырығын аттайды деген сөз.



**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

Еліміздің астанасында жалпы 3 жыл ішінде 34 мектеп салынып, пайдалануға берілді, 70 мың оқушы заманауи құралдармен жабдықталған білім ордаларында оқып жүр.

«Биыл ашылуға тиіс жаңа мектептердің құрылысы қаланың барлық ауданында жүріп жатыр. Мысалы, соңғы 2 жылдың өзінде халық тығыз қоныстанған Есіл ауданында – 12, Алматы ауданында – 7, Байқоңыр ауданында – 4, Сарыарқа ауданында 2 мектеп салынды. Жыл соңына дейін тағы 11 мектеп пайдалануға берілмек, бұл 23 мыңнан астам оқушы орнын ашуға мүкіндік береді» деп хабарлайды Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы.

Мысалы, Сарыарқа ауданындағы №65 мектептің ерекшелігі сол – мұнда инклюзивті білім беру бар. Бұл мектепте есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар оқиды. Мұнда барлығы 3 мыңнан астам оқушы білім алып жүр, бұл оқу орнына қажеттілік тиісті жүктемеден асып түседі. Мектептің қуатын арттыру үшін жанынан жаңа корпус салынып жатыр. Ол тағы 1200 оқушы орнын (екі ауысымда) құруға мүмкіндік береді.

Демографиялық және көші-қон ағымына байланысты жыл сайынғы оқушылар контингенті де өсуде. Қазіргі таңда 15 мектептің контингенті шамадан тыс, 4 мектеп үш ауысымда жұмыс істеуде.

Оқушылардың орын тапшылығын, мектептердегі үш ауысымды оқыту мәселесін шешу мақсатында қаламызда 2022 жылдың соңына дейін 23580 орындық 11 мектеп пайдалануға беріледі. Бұл, өз кезегінде, шамадан тыс 7 мектептің мәселесін шешеді.

# АҚЫЛЫ ТҰРАҚТАР КӨЛІК АҒЫНЫН АЗАЙТАДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Нұр-Сұлтан қаласында 1700-ге жуық ақылы тұрақ орындары демонтаждалды. Локациялар қала әкімдігінің тапсырмасы бойынша «Астананың көлік тұрағы кеңістігі» ЖШС-пен қайта қаралды. Осылайша ақылы тұрақтар әлеуметтік және басқа объектілердің жанында орналасқан 55 жер учаскесінен алынып тасталды, деп хабарлайды Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ресми сайты.

Мысалы, Сарыарқа ауданында – 860, Алматы ауданында – 325, Байқоңыр ауданында – 107, Есіл ауданында 388 ақылы тұрақ орны жойылды.

Айта кету керек, ақылы тұрақ орындары орналасқан учаскелер – қала меншігінде. Жоба – қаланың көлік стратегиясының бір бөлігі, тұрақ орындарының тапшылығы проблемасын шешуге мүмкіндік береді, автомобиль трафигін реттейді, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздік деңгейін арттыруға ықпал етеді және т. б. Жобаның басты мақсаты – көшелердің өткізу қабілетін арттыру және жол-көлік оқиғасының санын азайту.

«Астананың тұрақ кеңістігі» ЖШС атап өткендей, әлемдік тәжірибе тұрақ орындарын басқарудың тиімді жүйелері тұрақ кеңістіктерінің жүктемесін 40-50 пайызға төмендететінін, жол желісіне жүктемені 20-30 пайызға азайтатынын және ең бастысы, қаланың проблемалық аудандарында жол қозғалысы ережелерін бұзу санын 70 пайызға дейін қысқартатынын дәлелдеді.




Ақылы автотұрақтар ашылғанға дейін Нұр-Сұлтан қаласы орталық аудандарының жүктемесі 150-175 пайызды құрады. Жұмыс күндеріндегі реттелмейтін тұрақтардың айналымы тек 1-2 автомобильді құрады. Бұл автокөлік әуесқойлары тегін тұрақ орындарын теріс пайдаланғанын, көлігін ұзақ уақыт, кейде бір күн немесе тіпті бірнеше күн қалдырғанын, осылайша басқа қатысушылар үшін қозғалысты қиындатқанын көрсетеді. Бүгінде жағдай 3-4 жыл бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жақсы.

Бұл ретте тұрақ орындарының 10 пайызы мүгедектердің және оларды тасымалдайтын адамдардың көлік құралдарын тегін орналастыруға арналған, жеңілдікті санаттарға сәйкес келмейтін қалған барлық азаматтар үшін ақылы аймақтарда тұрақ күн сайын сағат 20:00-ден кейін, сондай-ақ, демалыс және мереке күндері тегін болады.

# КӨЛІК КАРТАЛАРЫН АЛДЫН АЛА АЛЫҢЫЗ

CTS компаниясы орталық кассадағы кезекті болдырмау үшін оқушылардың көлік карталарын алдын ала алуды сұрайды.

Елордада және Нұр-Сұлтан қаласының маңында тұратын 18 жасқа дейінгі оқушылар қоғамдық көлікте тегін жүреді. Ол үшін мектеп көлік картасы болуы керек және оны автобус салонында валидациялау қажет.

Мектеп көлік картасын екі жолмен алуға болады: Р.Қошқарбаев даңғылы, 50/1 мекенжайындағы орталық кассадан немесе transcard.kz сайты арқылы. Рәсімдеу үшін ата-ананың біреуінің жеке куәлігі, баланың ЖСН-і бар туу туралы куәлігі (жеке куәлік), мектептен анықтама және 3х4 бір фотосурет керек.

Оқушыларға мектеп көлік картасын қайта алған жағдайда баланың туу туралы куәлігі, сондай-ақ ата-анасының біреуінің немесе заңды өкілдерінің жеке куәлігінің түпнұсқасы немесе төлқұжаты ғана керек. 16 жасқа толған оқушылар өз бетімен өтініш жасай алады. Қалаған жағдайда фотосуретті өзгертуге болады. Алайда егер оқушының жасы 15-тен асқан болса, картаны қалпына келтіру үшін мектеп анықтамасы міндетті түрде болуы тиіс.

CTS-те мектеп көлік картасын алғашқы алу құны 800 теңге, ал қайта шығару 1500 теңге екенін еске салды.

***АҚШ-та динозаврдың қаңқасы 6 млн доллардан астам сомаға сатылды.***

Оны белгісіз біреу сатып алған. Нью-Йорктегі Sotheby's аукционында сатылымға шығарылған горгозаврдың қаңқасы – жеке меншікке сатылымға шығарылған жалғыз жәдігер. Горгозавр Жерде шамамен 77 млн жыл бұрын тіршілік еткен. Басы, аузы үлкен, алдында екі қолы кішкентай болған. Сүйек Американың Монтана штатында табылған 79 элементтен тұрады. Биіктігі – 3 метр, ұзындығы – 6,7 метр.



***Антальяда Гераклдың антикалық мозаикасы табылды.***

Мозаика Жерорта теңізінің жағалауындағы Сьедра қаласына қазба жұмысын жүргізу барысында шықты. 164 шаршы метрлік мозаикада Гераклдың 12 батырлығы бейнеленген. Барлық мифологиялық сахналар жақсы сақталған. Ол біздің заманымыздың екінші ғасырында жасалған. Ені – 7,9 метр, биіктігі – 21,91 метр.

Елордада экономика ғылымдарының докторы, профессор Михаил Спектордың мемориалдық тақтасы ашылды.

# МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА ҚОЙЫЛДЫ

Тарихи жадыны сақтау, жас ұрпақты ата-бабаларына құрмет көрсетуге тәрбиелеу мақсатында Желтоқсан көшесі, 2/3 мекенжайындағы үйге граниттен мемориалды тақта орнатылды.

Салтанатты шараға қала мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры Айтжан Әбдіров, Халықаралық сәулет академиясының профессоры, Қазақстанның құрметті сәулетшісі Аманжол Чиканаев және зиялы қауым өкілдері қатысты.




# АПТА САЙЫН ЖӘРМЕҢКЕ

Бас қалада 27 тамыздан бастап ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері тұрақты өтетін болады.

Апта сайын сенбі және жексенбі күндері өтетін жәрмеңкеге 13 облыстың өндірушілері қатысады.

Жәрмеңкелер «Астана Арена» стадионының көлік тұрағы аумағында, сағат 9:00-18:00 аралығында өтеді.

| № | Өңірлер | Мерзімі | Өткізілетін орны |
|---|---|---|---|
| 1 | Түркістан облысы | 27-28 тамыз | Тұран даңғылы, 18, Астана Арена стадионының тұрақ аумағы |
| 2 | Жамбыл облысы | 3-4 қыркүйек | |
| 3 | Қызылорда облысы | 10-11 қыркүйек | |
| 4 | Алматы және Жетісу облыстары | 17-18 қыркүйек | |
| 5 | Батыс-Қазақстан облысы | 24-25 қыркүйек | |
| 6 | Атырау облысы | 1-2 қазан | |
| 7 | Ақтөбе облысы | 8-9 қазан | |
| 8 | Павлодар облысы | 15-16 қазан | |
| 9 | Қостанай облысы | 22-23 қазан | |
| 10 | Шығыс-Қазақстан және Абай облыстары | 29-30 қазан | |
| 11 | Қарағанды және Ұлытау облысы | 5-6 қараша | |
| 12 | Солтүстік-Қазақстан облысы | 12-13 қараша | |
| 13 | Ақмола облысы | 19-20 қараша | |

# БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?



03.08.2022

ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ

| | Астаналық базар | «Әлем» базары | «Шапағат» базары | «Шарын» базары |
|---|---|---|---|---|
| Бірінші сортты бидай ұны | 335 | 260 | 230 | 200 |
| Бірінші сортты ұннан пісірілген нан | 150 | 90 | 100 | 120 |
| Макарон өнімдері | 450 | 230 | 360 | 350 |
| Қарақұмық жармасы | 680 | 520 | 555 | 600 |
| Тазартылған күріш | 480 | 405 | 410 | 420 |
| Картоп | 250 | 240 | 220 | 200 |
| Сәбіз | 300 | 222 | 190 | 180 |
| Пияз | 330 | 320 | 320 | 250 |
| Қырыққабат | 200 | 90 | 130 | 100 |
| Қант | 850 | 470 | 650 | 700 |
| Күнбағыс майы | 900 | 780 | 910 | 750 |
| Сиыр еті | 2750 | 2550 | 2400 | 2500 |
| Тауық еті | 1700 | 1300 | 1300 | 1150 |
| Пастерленген сүт | 540 | 305 | 295 | 350 |
| Айран | 350 | 305 | 310 | 310 |
| Сары май | 420 | 605 | 3000 | 850 |
| Тауық жұмыртқасы | 46 | 46 | 40 | 120 |
| Ас тұзы | 80 | 52 | 80 | 60 |
| Сүзбе | 950 | 280 | 1185 | 900 |

№91 (4369) 04/08/2022 Бейсенбі

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Ертең екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанған жалғыз қазақ, авиация генерал-майоры Талғат Бигелдиновтің туғанына 100 жыл толады. Осыдан дәл бір ғасыр бұрын тамылжыған тамыздың 5-жұлдызында Ақмола облысы Майбалық ауылында туған даңқты ұшқыш қос «Алтын Жұлдызды» өңіріне тағып, көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналды. Елімізде батырдың атымен көшелер, оқу орындары аталып, ескерткіштері бой көтерді. Елордада да оның атында көше мен мектеп бар. Былтыр ескерткіші тас тұғырға қондырылды.



# БИГЕЛДИНОВ БИІГІ

### АШЫҚ АСПАН АСТЫНДА ТУҒАН

Бас қаладағы Талғат Бигелдинов көшесі К.Күмісбеков көшесінен басталып, Бейбітшілік көшесінде аяқталады. Сарыарқа, Жеңіс даңғылдарын қиып өтеді. Ұзындығы – 2056,2 м. Ал былтыр Ұлы Жеңіс күні қарсаңында Сарыарқа даңғылы және Т.Бигелдинов көшесінің қиылысында батырдың ескерткіші ашылды. Мүсінші Нұрлан Далбай мен сәулетші Расул Сатыбалдиевтің туындысы қола мен граниттен құйылды. Биіктігі 7 метрге жуықтайды.

Жақында Үкіметтің қаулысымен елордадағы бірқатар білім беру ұйымдарына көрнекті тұлғалардың аты берілді. Соның ішінде №1 мектеп-лицей Талғат Бигелдиновтің атын иеленді.

Батыр Ақмоланың іргесінде көш үстінде, ашық аспан астында дүниеге келді. Бұл туралы өзі 2000 жылы жарық көрген «Мәңгілікке самғау» («Пике в бессмертие») атты кітабында жазып кетті.

«Бұл оқиғаның өзі соғыс жүріп жатқан кездегі майдан даласындағы қимыл-әрекетке көбірек ұқсайды. Анам айналасын дәрігер, акушер қоршаған перзентханада немесе үйде кіндік шешенің қолында босанған емес. Менің туыстарым қазақша өмір сүрудің қажеттілігінен туындаған басқа да көптеген малшы қазақтар сияқты бір жайылымнан екінші жайылымға бөгеліп, қоныс аударып отырған. Осындай бір көш барысында мен түйеге жегілген биік қос доңғалақты арба үстінде жарық дүниеге келіппін.

Ал бұл жолғы көшудің себебі басқаша еді. Бүкіл Ақмола өңіріне белгілі дәулеті тасыған Ғалибай деген мырза көмпескеден құтылу үшін менің Түсіпбек әкеме және Бигелді атамыздан тарайтын кейбір басқа туыстарына малын Алтай тауларына айдап салуын тапсырады. Барар жер алыс. Байдың малы аз емес: мал басының саны он бес мыңнан көп болса, оның ішінде жылқының өзі мыңнан асады.

Екіқабат шешем көш жылжығанда басқа әйелдер сияқты түйенің үстінде отырады – бұлай ыңғайлы әрі жұмсақ. Тек толғақ жақындаған кезде оны сондай түйеге жегілген арбаға ауыстырады. Міне, соның үстінде ашық аспан астында өмірге келіппін. Бұл оңтүстікке бет алған көштің көп болса екінші, әрі кетсе үшінші күні болар. Біздің ауылдан алыс емес. Ақмола іргесіндегі Майбалық көлінің жағасында болған оқиға. Атымды Талғат деп қойыпты. Әкемнен және сол көшке қатысқан осы оқиғаның басы-қасында болған туған-туыстарымнан естіген әңгіменің мазмұны осындай» деп жазады онда батыр.

Тарихтағы тұңғыш Талғаттың әкесінің аты – Түсіпбек. Бірақ Түсіпбектің інісі Жүсіпбекте бала болмағандықтан, ағасының рұқсатымен сәбиді бауырына басқан. Батырдың Кеңсайдағы зиратындағы құлпытаста да Талғат Жүсіпбекұлы Бигелдинов деп жазылған. Алайда батыр туралы көп деректе Жақыпбекұлы болып беріліп жүр.

### ОРЫНДАЛҒАН БАЛА АРМАН

Аумалы-төкпелі сол заманда Бигелді әулеті Бішкекке жеткенде бұл аймақты қызылдар иеленіп, мал иесі Ғалибай мырза Қытай асып үлгерген екен. Теріскей аймақтан жеткен жан-жануарды кеңес өкіметі қабылдап, анықтамаға қызыл комиссар Михаил Фрунзенің өзі қол қойған. Міне, осы құжаттың Талғаттың Саратовтағы авиация мектебіне қабылдануына септігі тиді. Ал одан бұрын Талғат Бішкектегі аэроклубта оқыды. Оған да оңай түспеді. 1938 жылы оқуға түсерде Талғаттың бойы ұшақ кабинасынан аспайтын. Тиісті комиссия бойының тапалдығына қарап, оның 16 жаста екеніне сенбеді. Алайда ынталы бала жігіт алған бетінен қайтпай, өз білімі мен білігін қайта-қайта дәлелдеуінің арқасында оқуға қабылданады.

Талғат бала кезінен ұшқыш болуды армандады. Бірақ әкесі дәрігер болуын қалады. Ұлының аэроклубта оқып жүргенін естігенде: «Қарағым, телескен жоқсың ба, Талғат? Кейін өкінбейсің бе? Бұл өте қауіпті ғой. Сен біздің жалғызымызсың ғой. Сенімен бірдеңе болып қалса, анаң екеуміз шыдамаймыз. Бізді ойла, Талғат» деді. Талғат болса: «Әкешім, ешқандай қайғы болмайды. Маған сенші. Мен ұшуды армандадым, міне, қазір ұшып жүрмін. Сен мені түсінбейсің бе?» деп жауап берді. Сонда әкесі: «Жарайды. Өз жолыңды өзің таңдадың. Бұл жолың тік және адал болсын» деп батасын берді.

Бір күні аэроклубка әскери-авиациялық мектептерге курсанттарды таңдауға әскери әуе күштері мамандарынан жасақталған арнайы комиссия келді. Талғатпен сөйлесіп, «бай баласысың, сені әскери мектепке алмаймыз» дегенде ол үйіне жүгіріп барып, баяғы М.Фрунзе берген құжатты алып келіп, көрсетті. Соның арқасында Саратовтағы авиация мектебіне қабылданды. 1940 жылдың жазында сол оқуына аттанды. Осы мектепте екі жыл оқып, сержант шенімен бітірген соң, Чкаловтағы бомбалаушы ұшқыштар мектебін аяқтайды. Ал қан майданға аттанар алдында Ижевск қаласынан «Ил-2» штурмовигін ұшуды үйреніп шығады.



### ЖАУДЫ ӘУЕДЕН ЖУСАТҚАН

Әскерилер арасында «ұшқыш танк» деп аталып кеткен «илюшаға» басы бүтін бауыр басып, 1942 жылы майданға аттанады. Осы өзі бір көргеннен қатты ұнатқан ұшақпен көк жүзінде 500 сағат болады. 305 рет әскери шабуылға шығып, жау ұясы – Берлинді алуға қатысады. Фашистер өздеріне аяусыз өлім оғын сепкен Талғат мінген ұшақты «қара ажал» деп атаған. 23 жасында екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын иеленіп, соғыста небір көзсіз ерлік көрсетті.

Ол Ржев, Старая Русса, Смоленск қалаларын азат етуге қатысты. Украинаның Харьков, Полтава, Кременчук қалаларының аспанында жаумен жанталаса айқасты. Днепр, Буг өзендерінің үстінде жаудың қаншама ұшағын жандырды. Молдова, Румыния, Польша жеріндегі айқастың алғы шебінде болды. Соғыс аяқталар жылы Бреслау, Оппельн, Прага, Берлин маңайындағы жойқын соғыстарға қатысты.

1943 жылғы қыркүйекте Днепр үшін ұрыста оқ тиіп зақымданған ұшағын жау техникасына соғып жарып, өзі қасқағым сәтте ұшақтан секіріп үлгеріп, ерен ерлігімен әріптестерін таңғалдырса, сол жылы көктемде жаудың жойғыш ұшағын (истребитель) атып түсірген тұңғыш шабуылдаушы-ұшқышқа (штурмовик) айналды. Ал «Мессершмиттің» ішінде отырған адам – әуе шайқасының шебері, 108 ұшақты атып түсірген Испания, Франция мен басқа елде көрсеткен ерлігі үшін марапат алған капитан фон Дитрих еді. Жас Талғаттың бұл жаңа әдісі жоғары бағаланып, ол соғыстағы алғашқы марапаты – екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденін алды.

1944 жылдың 26 қазанында 22 жастағы лейтенант Бигелдиновке Знаменка, Кировоград қалаларын босату кезіндегі ерлігі мен әскери шеберлігі әрі атып түсірген төрт жау ұшағы үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1945 жылдың 27 маусымында Талғат Бигелдинов екінші рет Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Бұл жолы ол эскадрильяны шебер басқару мен Краков, Оппельн (қазіргі кездегі Ополе), Катовице, Бреслау (қазіргі кездегі Вроцлав), Берлин қалалары үшін шайқастардағы әскери ерлігі үшін марапатталды.

Талғат мінген ұшақта №13 саны таңбаланған. Бұған басқалар үрке қарайтын болса, ұшқыш өзі үшін бұл сан бақытты екенін айтады. Оның үстіне әуеге көтерілер алдында Талғат әжесі үйреткен дұғаны оқиды екен. Айтуынша, осы дұғаның арқасында оған оқ дарымай, соғыстан аман оралды. «Балалық шағымда маған мейірімін аямай төккен жалғыз адам болды. Ол 101 жас өмір сүрген асыл әжем еді. Мен аэроклубта оқып жүргенімді білгеннен кейін «балам, саған бір дұға үйретейін. Жаңбыр жауса, найзағай жарқылдаса, соны оқы, сонда найзағай саған түспей, қасыңнан өтеді» деп, үйден, яғни сапарға шыққанда айтылатын дұғаны үйретті. Осы дұғаны айтпай ұшаққа мінген емеспін» дейді ол.

> 1943 жылғы қыркүйекте Днепр үшін ұрыста оқ тиіп зақымданған ұшағын жау техникасына соғып жарып, өзі қасқағым сәтте ұшақтан секіріп үлгеріп, ерен ерлігімен әріптестерін таңғалдырса, сол жылы көктемде жаудың жойғыш ұшағын (истребитель) атып түсірген тұңғыш шабуылдаушы-ұшқышқа (штурмовик) айналды

### ШАЯХМЕТОВ ШАРАПАТЫ

Соғыстан кейінгі бейбіт өмір басталғанда, Талғат Бигелдинов 1956 жылға дейін КСРО Әскери-әуе күштерінде өз қызметін жалғастыра береді. 1957 жылдан 1970 жылға дейін азаматтық авиацияны басқарып, Алматы, Ақмола, Арқалық, Қызылорда, Тараз сынды көптеген қалада әуежай салу ісіне өлшеусіз үлес қосты. 1968 жылы Мәскеу құрылыс-инженерлік институтын бітіріп, Қазақ КСР Мемлекеттік құрылыс комитетінің жүйесінде басшылық лауазымдарда қызмет етті.

КСРО 2-3-інші, 12-шақырылымындағы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен жетім балаларға көмек беретін қайырымдылық қордың президенті болып жұмыс істеді. Өмірінің соңғы 40 жылында аты аңызға айналған ұшқыш омарташылыққа ден қойып, ара өсірген. Осы істі «ермек» пен «бейбіт эскадрилья» деп атап, оған бар бос уақытын арнапты.

«Оның туған халқына ең алғаш танымал болуына себепші болған Жұмабай Шаяхметов екен. Мәскеу темір жолының Қазан вокзалында кеудесі орден-медальға толған, оның үстіне қос «Алтын Жұлдызы» жарқыраған бір әскери қызметшімен кездейсоқ танысады. Қырғызстанда тұратынын, қазақ екенін, енді үйіне демалысқа бара жатқанын білген соң ЦК хатшысы қолма-қол елге телефонмен пәрмен береді. Бұдан соң қазақ батыры мініп, Фрунзеге бағыт түзеген пойыз Ақтөбеде, Шалқар стансасында, Қызылорда мен Шымкентте сәл кідіріп, тәтелетін Шуға бір тоқтап, Алматыдан бір-ақ шығады. Жол-жөнекей болған кідіріс кезінде барлық жерде халық көп жиналып, батырды дәріптеген митингтер өтеді, оған ерекше сый-құрмет көрсетеді. Той-томалақ бітті-ау деген кезде Талғат Бигелдинов тұрақты мекені – Пішпекке жол тартады.

Кейін Жұмекең арнайы вагон жіберіп, ағамызды барлық туысымен арнайы қонаққа шақырады. Содан соң ағайын-туысының бәрі кейін қайтып, Талғат ағамыз Алматыда біржола тұрақтап қалған екен» деп жазды белгілі публицист Амантай Кәкен батыр туралы бір мақаласында.

### ӘУЕЖАЙҒА АТЫ НЕГЕ БЕРІЛМЕЙДІ?

1980 жылдың 4 шілдесінде Талғат Бигелдиновке Ұлы Жеңістің 35 жылдығына орай Целиноград қаласының құрметті азаматы атағы берілді. Даңқты тұңғыштың қола мүсіні Бішкекте, Ақтөбе мен Көкшетауда бой көтерді. Алматыда тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды. Ақтөбедегі Әуе қорғанысы күштері әскери институты мен Қарағандыдағы республикалық әскери мектеп-интернаты – Талғат Бигелдиновтің атында.

Жоғарыда жазғанымыздай, былтыр елордада да ескерткіші бой көтерді. Алматы немесе Нұр-Сұлтан қаласындағы әуежайға Талғат Бигелдиновтің атын беру туралы да көп айтылып жүр. Алайда әзірге бұл ұсыныс еленер емес. Ал бұл ұсыныстың қисыны бар. Батыр бұл әуежайлардың салынуына тікелей үлесін қосты. Оның үстіне елордадағы әуе қақпасының түбіндегі дүниеге келді. Жалпы кез келген үлкен қаланың әуежайы оның атына лайық. Себебі батырдың бірқатар шаһардағы әуежайлардың бой көтеруінде өзіндік еңбегі бар.

### БАТЫРДЫҢ БЕЙІТІ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫ

Талғат Бигелдинов 2014 жылдың 10 қарашасында 93 жасқа қараған шағында өмірден озды. Сол күні көрнекті ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Тұрғынбекұлына хабарласып, батырмен қоштасу өлеңін жазып, газетке беруін өтінді. Ақын екінші күні «Биіктік туралы баллада» шығармасын қолымызға тигізді. Ол газетімізге жарияланды. Онда:

*...Батырдың биік бүгін дара басы,*
*Халықтың әрі әкесі, әрі ағасы.*
*Шыр етіп дүниеге келген кезде*
*Жуылған ерке Есілге шаранасы.*
*Көтеріп туған елдің туын бірлік,*
*Қызығын құ дүниенің қуып жүрдік.*
*Батырды аттандыру керек еді,*
*Суына көк Есілдің жуындырып.*
*Қамығып кан жұтқанда шерленген ел,*
*Ерлік те қанмен келер, термен келер.*
*Сүйініп ұлың сүйін жатпас па екен,*
*Туғанда тал бесігі тербелген жер...*
*Ел-жұрты тұрар еді басына кеп,*
*Табынып, тауап етіп тасына көп.*
*Дүние-ай, Қабанбайдың батыр еді,*
*Жатпады Қабанбайдың қасына кеп...*

– деген қисынды уәж келтірген еді.

Иә, батыр Кеңсайда мәңгілікке дамыл тапты. Тәуелсіз «Айқын» газеті батырдың бейіті қараусыз қалғанын, темірмен ғана қоршалып, алыстан көз тартпайтынын, символикалық ескерткіш орнату керектігін жазды. Газет тілшісімен келісеміз. Жалпы Талғат Бигелдиновтің ғасырлық мерейтойы лайықты аталып өтуі керек. Бірақ ауыз толтырып айтарлықтай әзірге ештеңені көрмей отырмыз. Батыр биікте самғап, өзін ғана емес, халқының атын аспандатты. Оны сол биігінде қалдыруымыз керек!

БЖЗҚ-мен БІР КҮН

Біраз адамдар, оның ішінде әсіресе жастар «Қарттық шақта қалай күн көремін, зейнетке шыққанда алатын ақшам жеткілікті бола ма?» деген мәселеге мән бермей жатады. Ал өзім жұмыс барыстарын қадағалап қайтқан «БЖЗҚ» АҚ Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалының қызметкерлері болса, бұл жәйтқа қазірден бастап жауапкершілікпен қарап, зейнетақы жарналарын тұрақты әрі барынша қомақты мөлшерде аударуға кеңес береді...



# ТҰРАҚТЫ ЖАРНА – ТҰҒЫРЛЫ БОЛАШАҒЫҢЫЗ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалының операциялық залдары Бигелдинов көшесі, 12 және Республика даңғылы, 4 мекенжайлары бойынша орналасқан. Кіре берістен келушілерді қарсы алып, электронды кезекті реттейтін талон ұстатады. Таблода кезек нөмірі жанған сәтте Қор қызметкері отырған үстелдің жанына барасыз. Ол жеке электрондық цифрлық қолтаңба немесе жеке куәлігіңізді сұрайды. Сосын мәліметтер базасына жеке сәйкестендіру нөміріңіз (ЖСН) бойынша сұрау жібереді. Бірер сәтте барлық мәліметтеріңізді қағазға басып шығарады. Осылайша зейнетақы шотыңызға қанша ақша жиналғанын, тіпті болашақ зейнетақыңыздың мөлшерін де есептетіп ала аласыз.

Операциялық залда өзі-өзіне қызмет көрсету терминалы да бар. Оның көмегімен ерікті зейнетақы салымдары, зейнетақы шотының бар/жоғы туралы анықтама, шоттағы қаражаттың жылжуы туралы ақпарат, келісім-шарттағы өзгерістер туралы барлық мәліметтерді жеке сәйкестендіру нөміріңіз (ЖСН), құпия сөз, немесе электрондық цифрлық қолтаңбаңыздың көмегімен басып шығара аласыз.

– Халыққа көрсетілетін қызметтердің барлығы электрондық форматқа ауыстырылған, – дейді маған қызмет көрсеткен маман. Бүгінде Қордың enpf.kz сайты арқылы жеке деректемелеріңізді, шот туралы ақпарат алу тәсілін өзгертуге, зейнетақы шотындағы ақша айналымы туралы ақпарат алуға болады.

Бұдан бөлек, мамандардың айтуынша, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша шот ашу үшін Қорға барудың қажеті жоқ. Алғашқы жарна түскен сәттен бастап, зейнетақы шоты автоматты түрде ашылады. «Е-нотариат» пен Қордың ақпараттық жүйелері де тығыз байланыстырылған. Соның арқасында нотариустар мен шетелдегі консулдық мекемелер олардың қолданысындағы мұрагерлік істер бойынша (мұрагерлердің арыздануы бойынша) қайтыс болған салымшылардың Қордағы жеке зейнетақы шоты мен ондағы қаражаты туралы ақпаратты алуға болады. Бұл мұрагерлердің уақытын үнемдейді және қағазбастылықтан арылуға мүмкіндік береді.

– Зейнетақымен қамсыздандыру мәселелеріне ауқымды өзгерістер енгізілгеннен кейін, қазақстандықтарға өз зейнетақы жинақтарын біркатар қажеттіліктеріне жаратуға мүмкіндік берілді. Тұрғын үй жағдайын жақсарту және емделуден басқа салымшылар инвестор болу үшін инвестициялық портфельді басқарушыны таңдап, оған зейнетақы жинақтарының бір бөлігін аудара алады. Мұндай мүмкіндік зейнетақы салымдарының жүйеде қалып, инвестициялық табыс есебімен болашақта қомақты зейнетақы алуға жол ашады, – дейді филиалдың барып қызмет көрсету бөлімінің бастығы Ақ-Марал Сағиева.

Әрине, бұл бөлім қызметкерлерінің жұмысын ерекше атап өтуге болады. Олар қызметтерін «Мобильді агент» жобасының аясында жүзеге асырып келеді. Өйткені мүмкіндігі шектеулі жандар Қор филиалына тікелей өздері келе алмайтын болғандықтан мамандар оларға ыңғайлы уақытта үй-жайларына өздері барып, барлық қызмет түрлерін ұсынады.

Филиал мамандары сондай-ақ, түрлі ұйымдарға, оқыту, емдеу орталықтарына, әскери училище немесе жазаны өтеу орындары сияқты жабық үлгідегі мекемелерге барып, Қазақстанның зейнетақы жүйесі туралы маңызды ақпаратты жеткізіп отырады. Оларға қажетті қызметтерді көрсетеді. Ақпараттық-түсіндіру шаралары студенттер арасында да белсенді түрде өткізіледі. Оларға жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы мәлімет беріліп, болашақ зейнетақысына қаражатты қазірден бастап қолға алу керектігі түсіндіріледі. Өйткені, бүгінгі жастардың 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі 6 айдан кем емес еңбек өтілдері жоқ. Сондықтан олар тек өздері жинақтаған қаражат пен мемлекеттен берілетін базалық зейнетақыға ғана үміт арта алады. Барып қызмет көрсету бөлімінің жұмыс аясына Нұр-Сұлтан қаласы ғана емес, оған жақын орналасқан Ақмола облысының ауылдық жерлері де кіреді. Осыған орай мамандар интернет желісі жоқ шалғай ауылдарға та барады. Себебі, мақсат – халыққа зейнетақы жүйесі туралы барынша толық әрі түсінікті ақпарат беру.

Біз барған тұста бөлімнің бас маманы Мұрат Құрманғалиев қала шетінде орналасқан «Қаракат» бала бақшасының ұжымымен кездесу үшін жолға қамданып жатты.

– Біз кез келген мекеменің басшылығымен ұжыммен кездесу туралы алдын ала келісіп аламыз. Осындай басқосуларда әйелдердің зейнетке шығу жасының біртіндеп ұлғайтылуына байланысты біраз сұрақтар қойылады. Көбісі зейнетақының қалай есептелетінін білгілері келеді. Кейде адамдар жаңашылдықтарды қабылдауға дайын болмай, түсінбеушіліктер де туындап жатады. Мұндай сәтте зейнетақы жүйесінің маманы ғана емес, психолог болуға да тура келеді. Біз зейнетақының қалай есептелетіні туралы барынша саралап, түсіндіріп беруге тырысамыз. Сондай-ақ, «Мобильді агент» деген арнайы жабдықталған қондырғымыз бар. Оның құрамына ноутбук, 4G флешка мен жылжымалы шағын принтер кіреді. Осы құралдың көмегімен салымшыға қажетті барлық қызмет түрлерін көрсетеміз. Шынында да «Мобильді агент біздің жұмысымызды едәуір жеңілдетті. Мен жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы ғана әңгімелеп бермей, адамдардың ұялы телефондарына Қордың мобилді қосымшасын орнатып беруге де көмектесемін. Сол арқылы азаматтар өздерінің зейнетақы жинақтары туралы барлық ақпаратты ала алады, – дейді Марат Құрманғалиев.

Жалпы Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалдың барып қызмет көрсету бөлімінің мамандары биылғы жылдың бірінші жартысында түрлі ұйымдарда 1371 таныстырылым өткізген екен. Оларға отыз мыңға жуық адам қатысыпты. Соның ішінде 527 кездесу аудан орталықтары мен шалғай ауылдарда ұйымдастырылып, мамандардың дәрісін тыңдаған он мыңнан астам адам еліміздің зейнетақы жүйесіндегі жаңашылдықтарды естіп, ризашылықтарын білдіріпті.



**Біз де өз тарапымыздан толассыз келген салымшылар ағынына мінсіз қызмет көрсеткен Қор мамандарының алғырлығы мен білгірлігінің куәсі болып, филиал ғимаратынан алғыс сезімімен аттандық...**

**М. ИСКАКОВ**

# МҰҒАЛІМДЕР БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРАДЫ

Елімізде пән мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстары басталды. Оны «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы мен EdCrunch Academy ұйымы бірлесіп әзірлеген.

Мамандар 12 пән бойынша 44 бағдарлама әзірледі. Еліміздің түкпір-түкпірінен барлығы 40 000-нан астам математика, информатика, физика, химия, биология, география, тарих, жаратылыстану, қазақ, орыс, ағылшын тілдері және бастауыш сынып мұғалімдері курстан өтеді.

«Курстар басталған күні 6 603 мұғалім оқуға кірісті. Курстарды бастамас бұрын мұғалімдер цифрлық платформада диагностикалық тестілеуден өтеді. Бұл курстар басталған кезде мұғалімдердің пәндік білім деңгейін анықтау үшін қажет. Тестілеу педагогтердің оқудағы қажеттіліктерін анықтауға және білім беру бағдарламасының тиімділігін бағалауға көмектеседі. Курстың басынан сабақтың соңғы нәтижесіне дейінгі оқу процесі толығымен талданады. Тестілеу нәтижелері құпия болады және қорытынды бағалауда есепке алынбайтынын еске сала кетейік» деді Оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы басқармасының төрағасы Әсел Мұхаметжанова.

Курстардың қорытындысы бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін оқытудың тиімділігіне талдау және олардың алған білімдерін қорытынды бағалау жүргізіледі. Мұғалімдердің сабаққа қатысуы және олардың сабақтағы белсенділігі, мысалы, сыныптағы/топтағы басқа қатысушылармен өзара әрекеттесу, жауап беру және жаңа идеялар мен шешімдерді ұсыну сияқты критерийлер бойынша бағаланады. Содан кейін мұғалімдер қорытынды тест тапсырады.

Тестілеуді сәтті аяқтау – курсты аяқтаудың міндетті шарты. Сертификаттар барлық критерий бойынша шекті балл жинай алған қатысушыларға ғана беріледі. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, пәндік құзыреттіліктерді арттыруға арналған білім беру бағдарламалары педагогтердің кәсіби дамуына және жұмыс сапасына оң әсер етеді. Бұл сонымен қатар жалпы білім сапасына, оның ішінде оқушының біліміне де оң әсерін тигізеді.

«Бұл курстар біз үшін өте пайдалы болары сөзсіз. Өйткені, жылдан жылға заманның ағымына қарай оқу бағдарламалары да өзгеріп келеді. Сондықтан өз біліктілігін арттыруға әрбір мұғалім мүдделі болады деп ойлаймын» дейді Нұр-Сұлтан қаласындағы Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназияның биология пәні мұғалімі Нұргүл Акбанова.

**Баян АСЫЛБЕКОВА**

«НикаСтройСервис» ЖШС ҚР ЭК 49-3-бабына сәйкес «Қоршаған ортаны қорғау» тарауы» жобасы бойынша «Железнодорожный тұрғын алабының солтүстігінде, Нұр-Сұлтан қаласында кеңсе үй-жайлары бар Автосервис (пайдалану кезеңінде)» қоғамдық тыңдаулар көпшілік талқылау нысанында өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама экопорталда ұсынылған (https://ecoportal.kz). 12 тамыздан 18 тамызға дейін қоса алғандағы кезеңде ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.
Қосымша ақпарат мына мекенжай бойынша: aaa-2008@mail.ru телефон арқылы: 8701 548 44 10.

ИП «Пешкин А.Д.» ЖСН 620903300216 қала аумағында орналасқан автотұрақтың жабылғаны туралы хабарлайды. Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, көше аралығы мекенжайы бойынша «Мотор». Бейбітшілік 64/а және ст. Есенберлин 38. Хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде иесіз қалған автокөліктерді алып кетуді сұраңыз. Сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласуға болады: 8 701 535 00 13.

«Техноком-Астана» ЖШС ҚР ЭК 49-3-бабына сәйкес «Қоршаған ортаны қорғау» тарауы» жобасы бойынша «Нұр-Сұлтан қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Алаш тас жолы, 30/4 үй мекенжайындағы өндірістік база» (пайдалану кезеңінде) қоғамдық тыңдаулар көпшілік талқылау нысанында өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама экопорталда ұсынылған (https://ecoportal.kz). 12 тамыздан 18 тамызға дейін қоса алғандағы кезеңде ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.
Қосымша ақпарат мына мекенжай бойынша: aaa-2008@mail.ru телефон арқылы: 8701 548 44 10.

№91 (4369) 04/08/2022 Бейсенбі




# БАЛАҢЫЗ ОҚУҒА ДАЙЫН БА?

## астанада мектеп жәрмеңкесі ашылды

Тамыз басталысымен мектепке дайындық басталады. Жаңа оқу жылы жақындады – мектеп формасын тіктіру, оқу құралдарын алу үшін ата-аналар мен балалар арзандау деп базар жағалайды. Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары үшін жағымды жаңалық бар: жуырда «Астаналық базар» сауда үйі жанындағы ашық алаңда мектеп жәрмеңкесі ашылды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Ата-ана да балаларын мектепке дайындау қамына кірісіп кеткенін байқадық. Әзірге адам көп емес, кезек жоқ, таңдау бар. Киімнің сапасына қарай бағасы белгіленген. Мәселен, қыз балаға форма 5500 теңгеден жоғары, фартукті 2000-2500 теңге аралығында (былтыр 1500 теңге) алуға болады. Ұл балалар костюмінің бағасы – 20000 теңге (былтыр 8000-10000 мың теңге). Жейделер – 4500 аралығы (былтыр 2000-3500 теңге). Ал галстук – 1000 теңге (былтыр 400-600 теңге). Спорт костюмдерін 4 мыңнан 9 мың теңгеге дейін алуға болады. Кеңсе тауарлары біраз қымбаттаған: күнделіктің бағасы былтыр 350 теңгеден болса, биыл 700 теңге. 1 дәптер 40 теңгеден (бұрын 10 теңге), бір жерден барлық кеңсе тауарларын, оқу құралдарын алатын болса, жеңілдік жасап, дәптерді 30 теңгеден алуға болады. Сөмкелер былтыр 3500-ден басталатын, биыл 5000-нан бастап алуға болады. Ресей рюкзактары – 9-10 мың теңге аралығында. Бір оқушыға оқу құралдарын алу кемінде 30 мыңға түседі. Қыз бала 15 мың теңгеге киінсе, ұл бала 30 мыңға мектепке баруға дайын болады. Мұның бәрі – Бішкектен, Қытайдан келген тауарлар, ресейлік, түркиялық киімдер бағасы бұдан әлдеқайда жоғары.

Сатып алушылар баға қалтаны қағатынын айтады. Әсіресе мектепке бірнеше баласы баратындарға қиын. Кеңсе тауарлары да қымбаттаған. Сөмкелерге де баға әртүрлі. Ата-ана мүмкіндігіне қарай алып жатыр. Сатушылардың айтуынша, бір баланы мектепке дайындау үшін биыл орташа есеппен 50-60 мың теңге (былтыр 30-40 мың теңге) керек екенін айтады.

Гүлнар Халманбетова – бес жылдан бері мектеп базарында сауда-саттық жасап келе жатқан жеке кәсіпкер.

– Менің сауда нүктеме келушілер үшін қыркүйекке дейін жеңілдік бар, сондай-ақ көпбалалы аналар үшін жеңілдік қарастырылған. Ұл балаға костюм-шалбар алса, галстукты, қыз балаларға фартукты тегін беремін. Бізде форма мен мектеп костюмінің кең таңдауы бар. Әсіресе өлшемі мен пішімі, сапасына деген сұранысқа ие модельдер, бағасы да қолжетімді.

– Бес баланың анасымын, үшеуі ересек, мектепке баратын үш баламды жыл сайын ерте қамданып, керек-жарағын даярлаймын. Биыл костюм, форма таңдаудан бастап отырмыз. Жергілікті кәсіпкерлердің көпбалалы аналар үшін жеңілдік қарастырып жатқанына өте қуаныштымыз. Көпбалалы отбасы ретінде аудандық білім беру бөлімі де көмек беріп жатады, дегенмен де өз күшімізбен басты керек-жарақты алып дайындаламыз, – дейді көпбалалы ана Риза Көпжасарова.

Балаларын мектепке сақадай сай етіп даярлау – ата-ана үшін жауапты іс. Бірі қалтасына қарай көсілсе, енді бірі өз қалауына қарай дайындалады. Жыл сайын дәстүрге айналған республикалық «Мектепке жол» акциясының шарапаты да көптеген отбасыға көмегін беріп, септігін тигізіп жатады.

Тағы бір жақсы жаңалық – 17-21 тамыз аралығында EXPO халықаралық көрме орталығында «Kids EXPO. Балалар әлемі» балаларға арналған тауарлар жәрмеңкесі өтеді.

Бұл жәрмеңкеде ата-ана балаға қажеттінің бәрін: кеңсе тауарлары мен мектеп формасын, ойыншықтар мен дамыту ойындарын, киім мен аяқ киім сатып ала алады. Барлығы бір жерде және қолжетімді бағамен сатылады. Сондай-ақ мұнда ата-ана мен балаларды қызықты шеберлік сыныптары, аниматорлармен ойындар, спорт ойындары және ауқымды мәдени бағдарлама күтеді. Қапы қалмаңыздар!


Сұлтан СЕЙІТ

# ӘР ҮЙГЕ – КӨГІЛДІР ОТЫН

Елордадағы Сарыарқа және Алматы аудандары бүгінде толығымен газдандырылды. Ол үшін 680 км-ден астам газ тарату желісі салынып, кварталішілік желілер тартылды. 14 мың абонент газға қол жеткізді, 6 мыңнан астам абонент техникалық шарт алды, сонымен қатар 3,6 мыңнан астам үй газға қосылды.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Тұрғындарды көгілдір отынға қосу, сөз жоқ, қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Бірақ олардың үйіне газ жеткізу қаншалықты тиімді, бұл ретте қандай қиындық туындауы мүмкін және үйге көгілдір отын өткізуге қаржылық мүмкіндігі жоқ адамдар не істеуі керек? Осы туралы біз елорда тұрғындарымен және мердігерлік компания өкілдерімен пікір бөліскен едік.



Нұр-Сұлтанда жиырма жылдан астам уақыттан бері тұрып келе жатқан Самат Қайыржанов осы күнге дейін қаламызға газ қашан келер екен деп армандағанын жасырмады. Астананы газдандыру мәселесі қолға алынғаннан кейін алғашқылардың бірі болып көгілдір отынға қосылды.

– Қазір бүкіл әлем көміртек ізімен күресуде. Біз қоршаған ортаға зиян келтіріп, табиғатты ластауды доғаруымыз керек. Неге әлі күнге дейін адамдар күйе-күйе боп көмір тасып, пеш жағады деген ой маған маза бермейтін. Енді, міне, арманымыз орындалды. Бұл ретте мен аудан әкімдігіне және мердігер компанияларға алғысымды білдіремін. Себебі жұмысым едәуір жеңілдеді. Ай сайын газға кететін шығын бұрынғыдан көп емес, кейде тіпті аз жұмсаймын және пеш жағып, күл шығармайтын болдым. Керемет емес пе?! Балаларымыздың болашағын бүгіннен ойлауымыз керек. Демек, ескі стереотиптерден арылып, дамыған елдерше өмір сүруге талпынуға тиіспіз, – дейді елордалық С.Қайыржанов.

Газ қосуға қаржылай қиналатындар үшін мемлекеттен де, мердігерлік ұйымдардан да әртүрлі әлеуметтік көмек бағдарламалары қарастырылған. Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және Нұр-Сұлтан қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына сәйкес, тұрғын үйді газдандыруға әлеуметтік көмек жасы бойынша зейнеткерлерге, мүгедектерге және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға, газдандыруға жататын жеке тұрғын үйлерде тұратын көпбалалы отбасыларға көрсетіледі. Қазіргі уақытта газға қосылуға әлеуметтік көмек 90 АЕК-тен (262530 теңге) 130 АЕК-ке, яғни 413400 теңгеге ұлғайды.

2020 жылы газға қосылуға 9 адам жалпы сомасы 2250180 теңгеге әлеуметтік көмек алса, былтыр осындай көмекті жалпы сомасы 20189790 теңгеге 77 адам алды. Сондай-ақ елордалықтардың бәріне тегін негізде есептеуіш беріліп жатыр.

– Біз Нұр-Сұлтан қаласының нарығында 2020 жылдан бастап жұмыс істеп келеміз. «Железнодорожный» тұрғын алабындағы жекеменшік үйлер газға қосылды. Алғашқы газ тарту кезінде қиындық болды, әрине. Дегенмен біз Сарыарқа, Алматы аудандарының әкімдігімен тығыз жұмыс істеудің нәтижесінде ауқымды шара жүргіздік. Енді Есіл ауданының әкімдігімен ынтымақтастықты жоспарлап отырмыз. Кейбіреулер үйді көмірмен жылыту арзанырақ деп ойлайды. Бірақ салыстырып қарайтын болсақ, бірдей сома шығады, ал газ ыңғайлы. Егер 100-150 шаршы метр үйді алып, қазір текше метр үшін 38,9 теңгені құрайтын газ тарифін ескерсек, шамамен 600 мың теңге шығады. Бірақ бұл – газға қосылуға кететін бір реттік төлем. Егер ай сайынғы төлемді есептейтін болсақ, ең суық кезеңде тұрғындар айына 20-25 мың теңге төлейді. Қаржыдан қысылғандар үшін мемлекет халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау жөніндегі жобаларды әзірледі. Сондай-ақ қандай да бір санатқа жатпайтын адамдар үшін «Халық банкі» және «Kaspi банк» арқылы бөліп төлеу мүмкіндігі қарастырылған. Бастысы, төлем қабілеттілігі болса болғаны. Әлемдегі қазіргі жағдайға байланысты газ жабдықтарына да, монтаж ұйымдары ұсынатын жұмыстарға да баға өсуде. Бірақ біз, жеке ұйым ретінде, бағаны төмендетуге тырысып келеміз. Әкімдікпен бірлесіп, Шейх Кунт қажы атындағы мешітке, тыл ардагерлерінің үйіне және бірнеше көпбалалы отбасыға тегін газ жүргізіп бердік, – деді «Газ в дом» компаниясының өкілі Жәнібек Құсайынов.

Компания елорда тұрғындарына газ қосу мәселесі бойынша толық кеңес берумен бірге әкімдікпен бірге барлық үй тұрғындарының жиналысына қатысып, аудан көшелерінде, халық көп жиналатын орындарда түсіндіру жұмысын жүргізіп келеді. Көгілдір отынға қосылған тұрғындар бүгінде аталмыш компания өкілдеріне ризашылығын білдіріп, алғыс айтуда. Ж.Құсайыновтың айтуынша, кейде кеңсеге жеке алғыс айту үшін келетін, тіпті арнайы өлең шығарып, ықылас білдіретін тұрғындар да бар. Бұл, әлбетте, жұмыстың сапалы орындалғанының көрсеткіші.

– Өзім жекеменшік жер үйде тұрамын. Таңертең ұйқыдан оянғанда, біз өкпемізге түсетін түтінді бірден байқаймыз, бұл біздің денсаулығымызға теріс әсер ететіні белгілі. Сондықтан мен қаламызда ауаның таза болғанын қалаймын. Әрбір елордалық газға қосылудың жеке өзі және өзінің отбасы үшін қаншалықты маңызды екенін түсінсе екен деймін. Бұл тек өзіміз үшін ғана емес, айналадағылар үшін де маңызды, газға қосылу арқылы біз экологияның жақсаруына үлес қосатынымызды естен шығармасақ екен, – деді «Газ в дом» компаниясының өкілі.

Сарыарқа ауданындағы тұрғын алаптарды газдандыру аясында 5141 абонентті көгілдір отынға қосу жоспарланған болатын. Қазіргі кезде бұл ауданда барлығы 1991 тұрғын үй газға қосылды. Сондай-ақ көппәтерлі тұрғын үйлерді газға қосу белсенді жүріп жатыр. Бүгінде Сарыарқа ауданында 7 көппәтерлі тұрғын үй көгілдір отынмен жылытылса, тағы төртеуінде газдандыру жұмысы жүруде.

Мердігерлік ұйымдар тұрғын алаптарында орналасқан 14 әлеуметтік сала нысанын газбен жабдықтау жұмысын жүргізіп жатыр. Бұл – «Көкталдағы» 7 білім беру нысаны.

Ақкорған көшесі, 2 мекенжайында орналасқан «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы газбен жабдықтауға қосылған. Аудандағы 13 нысанға қажетті жабдық сатып алынды, монтаж жұмысы жүргізілді. Қазіргі уақытта іске қосу-жөндеу жұмысы жүруде. Барлық нысандарды тамыз айында газбен қамту жоспарланып отыр.

Газға қосылу үшін тұрғындар www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы да өтініш бере алады. Толық ақпарат алу үшін Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына Сарыарқа ауданы бойынша 55-14-87, 8-702-546-86-95, 8-701-621-62-99 және Алматы ауданы бойынша 55-01-74, 8-701-734-83-74 нөмірлеріне хабарласуға болады.

# ҚАНТ ТАПШЫЛЫҒЫ: ҚАУІП БАР МА?

Соңғы кездері еліміздегі дүкен сөрелерінен қант жоғалып кетті. Тіпті жұрт арзан қант (елордадағы кейбір супермаркетте ол 300 теңгеден) сатып алу үшін таңғы сағат 5-тен ұзын-сонар кезекке тұрып, бір қолға 2 келі өнім алғанына мәз болып жүр. Қанттың тапшылығы сезілетін уақыт алда. Өйткені еліміздегі зауыттар жалпы сұраныстың бар-жоғы 7 пайызын қамтамасыз етіп, ай сайын 226 мың тонна қант шығарумен шектеліп қалды. Қант өндірісі неге бұлай құлдырады? Қант құнының жедел өсуі басқа салаларға қалай әсер етуде? Қант тапшылығынан қандай қауіп бар? Осы сауалдарға жауап іздеп, шағын сараптама жасап көрдік.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

### БІР ҚОЛҒА – ЕКІ КЕЛІ ҚАНТ

Қазақстанда сәуір айынан бастап қанттың бағасы тез қымбаттады. Бір келі құмшекерді биыл көктемде 285-300 теңгеден сатып алып жүрген тұтынушы қазір 900-1100 теңгенің өзіне көндігіп, қажетті өнімді дүкен, базардан сабылып іздеп жүр. Мұндай жағдайға тап болуымыздың бірнеше себебі бар. Ең алдымен, қант өнеркәсібі импортқа тәуелді. Тәуелділік демекші, бізге қант, негізінен, Ресей Федерациясынан импортталады. Биылғы наурыз айында Ресей Үкіметі Батыс санкцияларынан ішкі нарығын қорғау үшін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерге қантты экспорттауға тыйым салды. Ресейден бөлек, Қазақстан қантты Беларусьтен (бұл ел де сәуірде экспортқа мораторий енгізді), Украинадан, Үндістаннан, Вьетнамнан және Бразилиядан аздап сатып алатын. Қалғанын өзіміз өндіріп келдік.

Ресей Үкіметінің қантты экспорттауға уақытша тыйымының мерзімі 31 тамызда аяқталады. Алайда қайтадан бұрынғы бағамен бізге қарай тапшы өнім ағылады дегенге ешқандай сенім жоқ. Біздің билік қант тапшылығының болатынын кешігіп барып мойындады. Бұл – бұрыннан қалыптасқан «саясат». Қант таппай дүрлігіп, кезекте төбелесіп жатқан жұрттың жанайқайын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі Үкіметтің алқалы отырысында айтпағанда, атқарушы билік әлі «аузын ашпайтын» еді. Іс жүзінде қант тапшылығы жайлап барады. Таңғы бестегі қант кезегі сонау 80-жылдардағы бір қолға 5 келіден артық өнім бермейтін алкогольдік өнімдерге қарсы науқанға ұқсап кетті. Бір ерекшелігі, бір қолға 2 келіден артық қант сатылмайды. Үкіметтің ушыққан мәселені кешігіп барып мойындауының өзі тапшылықты одан әрі ұлғайтып жіберді.

### ШЕШІЛМЕЙТІН МӘСЕЛЕ МЕ?

Қазақстан қантпен өзінің ішкі сұранысын толық қамтамасыз ете алмайды. Мұның себебін 13 шілдедегі Үкімет жиынында Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов пен Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевке сөгіс берген Президенттің өзі айтты. Елдегі 7 қант зауытының төртеуі ғана жартылай күшімен жұмыс істеп тұр. Ауыл шаруашылығы министрі 2026 жылға қарай қант қызылшасының өндірісін 7-ден 43 пайызға дейін ұлғайтуға жоспар жасаған. Бірақ ол іске асатын жоспар ма? Мәселе сонда. Айтпақшы, Президенттен сөгіс алған, өздері қант жемейтін министрлер «қанттың қоры жеткілікті» деп жұртты да, Президентті де алдап келді. Ендігі жерде амалы таусылып: «Қазақстанда қанттың құны 400-500 теңге болуы тиіс» деп «жаңалық ашып» отыр.

Зауыттардың жартылай ғана жұмыс істеуінің бір себебі – шикізат тапшылығы. Бұл өнім, негізінен, қант құрағынан және қант қызылшасынан өндіріледі. Алғашқысы тропикалық аймақта өседі, ал екіншісін Қазақстан сияқты көптеген елдерде егіп, өсіруге болады. Біз сонау 2010 жылы Кедендік одаққа мүше болғанға дейін қант қызылшасынан өнім алу үшін 10 жылға бажсыз шикізат жеткізуге келісім жасап едік. Кедендік одақ бұл келісімнің күшін жойып, қант құрағының шикізатын тасымалдауға тыйым салды. Қант өндірісінің жай-күйін жетік білетін бизнес кеңесші Жамбыл Жуасбеков Қазақстанның қант өнеркәсібін дұрыс жолға қоюына Ресей мен Беларусь көз жұмып қарамағанын алға тартады. «Ресей мен Беларусь қант зауыттарын қолдауға бар күш-жігерін салды. ҚҚС-ын шегерді, шетелден ең соңғы технологиялық жабдықтар сатып алды, құрылысқа жәрдемақша бөлді, қант зауыттарын соңғы үлгімен жетілдірді. Ал Қазақстан 2020 жылға дейін өзге елдерден бажсыз қант шикізатын алуға қол жеткізіп, өзінің артық өнімдерін ресейлік нарыққа шығарып сата бастады. Әлбетте, біздің арзан шикізаттан шығарған өніміміздің ресейлік өндірушілерге кері әсер еткені анық. Алайда отандық қант зауыттары ресейлік, беларустық қанттың экспансиясына төтеп бере алмады» деп түсіндіреді ол. Ал біздің Үкімет мәселені шешудің бір жолы деп шикі қантты Үндістан мен Бразилиядан импорттамақ. «Бұл салаға 400 млрд теңге инвестиция тартылса, 4 жылдан кейін мәселе бірте-бірте оң шешіледі» дейді Үкіметтегі шенеуніктер.

Экономист Айман Тұрсынхан Ресейден қант экспорттауға тыйым салынған кезде біздің Үндістаннан арзан қант сатып алуға мүмкіндігіміздің болғанын, бірақ Үкімет оны пайдаланбағанын айтады. «Әлемдік тауар биржасында үнді қанты экспортының орташа құны шамамен 36-38 центті құрады. Арзан шикізатты неге сатып алмадық? Бұл мәселе неге шешілмеді? Бұл сұраққа Ауыл шаруашылығы министрлігі жауап берудің орнына осыдан 15 жыл бұрынғы «әлеуләйін» тағы қайталай бастады: қант өндірісін кеңейтеміз, зауыттарды жетілдіреміз, өзіміздің қант қызылшасын шығарамыз дейді. Бұлайша «деп жүргенімізде» қанттың құны бірнеше есеге қымбаттап, сан соғып қаламыз» дейді ол.

Жамбыл Жуасбеков еліміздің ішкі нарығына қажетті қант көлемін өндіру үшін кем дегенде жаңа үш зауыт салуымыз керектігін айтады. «Ішкі сұранысқа қажетті 550 мың тонна қант өндіреміз десек, шамамен 4 млн тонна қант қызылшасын қайта өңдеуіміз қажет. Ол үшін 100 мыңнан 400 мың гектар жерге дейін қант қызылшасын егуге тура келеді. Мұндай көлемдегі өнімді қайта өңдейтін үш жаңа зауыт болғанда ғана іс алға жүреді. Олардың әрқайсысы маусымда 1 млн тоннадан қызылшаны қайта өңдеп шығарса, нақты нәтижеге жетеміз. Сыртқы тәуелділіктен түпкілікті арылатын жолдың бірі – осы. Шикізат базасын нығайтып алсақ, өзіміздің географиялық мүмкіндігімізді пайдалана отырып, артық қантымызды Орталық Азия елдеріне, Сібір мен Шыңжаңға экспорттай аламыз. Әрине, бұл әзірше болжам ғана» дейді сарапшы.



**ЕЛІМІЗДІҢ ІШКІ НАРЫҒЫНА ҚАЖЕТТІ ҚАНТ КӨЛЕМІН ӨНДІРУ ҮШІН КЕМ ДЕГЕНДЕ ЖАҢА ҮШ ЗАУЫТ САЛУЫМЫЗ КЕРЕКТІГІН АЙТАДЫ. «ІШКІ СҰРАНЫСҚА ҚАЖЕТТІ 550 МЫҢ ТОННА ҚАНТ ӨНДІРЕМІЗ ДЕСЕК, ШАМАМЕН 4 МЛН ТОННА ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ҚАЙТА ӨҢДЕУІМІЗ ҚАЖЕТ. ОЛ ҮШІН 100 МЫҢНАН 400 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕРГЕ ДЕЙІН ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ЕГУГЕ ТУРА КЕЛЕДІ**

### ЕЛОРДАДА ҚАНТ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Тамыз айының басында елорда дүкендеріне қант түсе бастады. Бірнеше жекеменшік дүкендерді, супермаркеттерді шолып шыққанда байқағанымыз: қанттың бағасы әртүрлі. «Small» дүкендер желісінде – 515 теңге, «Магнумда» – 510 теңге, ал жекеменшік дүкендерде 870-1150 теңге аралығында сатылуда. Супермаркет сатушылары қант таңертең сатуға шығарылған бетте 1 сағаттың ішінде өнімді үлестіріп алатынын айтады. Десек те бас қалада қант тапшылығы жоқ. Үкімет дүрбелеңді реттеу мақсатымен бірінші кезекте халық саны көп үш өңірге – Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкентке 1 мың тоннадан аса қант жеткізді.

27 шілдеде Қоғамдық тамақтану қауымдастығы қантпен қамтамасыз етудегі қиындықтар әсерінен қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының банкротқа ұшырауы мүмкін деген хабарлама таратты. Алайда Ауыл шаруашылығы министрлігі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі, Қоғамдық тамақтану қауымдастығы өкілдерімен бірлесіп жиын өткізіп, қоғамдық тамақтандыру нысандарын қантпен қамтамасыз ету туралы шешім қабылдады. Қазір оларға қажетті көлемдегі өнім жеткізіліп жатыр.

# АЛАШ РУХЫ



Ол бүгін алпысқа толды. Мен ең алғаш көргенде 28-дегі жіптіктей жігіт еді. КазГУ-дың түлегі, арабшадан хабардар, орысшаға жүйрік азамат. Қаракер ме, қаракөк пе – сәйгүліктей жарқырап тұр. Бір-бірімізді танымаймыз. Сарша тамыздың алды еді...

ҚазПИ-ге жақын үлкен дүкенді басына көтеріп, есім-сойымды атап шақырып тұр. Бейтаныс жігіт. Жанына жақындадым. «Сені академияның Әдебиет институтына Серік Қирабаев шақырып жатыр. Бүгін!» деді. Өзін таныстырған жоқ, сөзге де келмеді. Үлкен кісі тапсырды, бұл орындады – бітті...

Таныстығымыз осылай біртүрлі басталды. Оған да 32 жыл болыпты. Содан бері көз алдымда Сұлтанхан Аққұлыұлы Жүсіп (ресми «Сұлтан Хан Аққұлы Жүсіп») қарабурылдай шауып келеді. Жер тарпып, ерекше кісінейтіні де, ешкімге бой бермей, басын жуытпай, осқырайтыны да бар. Бірақ кекжек, безер жылқы емес. Арғы жағынан тектілігі, Түркістанның киелі топырағына аунаған тазалығы, Еуропада бір мүшел тұрғанда ілген демократтығы мен либералдығы бар. Осы қасиетіне таңданатындар көп.

Сонымен, 1990 жылдың шілде-тамызында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты экс-министр Мүсілім Базарбаев басқаратын бөлімнің табалдырығын аттадық. Директорымыз – көшбасшы сыншы, АПН корреспондент-мүшесі Серік Қирабаев. Бекзат Мүсекең КазГУ-дың мемлекеттік емтиханына төрағалық еткенде Сұлтанханды аттай қалап алыпты. Артықшылығы – арабша, төтеше білетіндігі және өткірлігі. Екеумізді қолқалап «Жүсіпбек Аймауытұлы тобына» салды да жіберді. Бұл, бүгінгіше айтқанда, ғылыми жоба. Ж.Аймауытұлына деп арнайы қаржы бөлінген, мақсат – Алаш мұрасын жинау, жүйелеу, жариялау.

Сөйтіп, Ауған көрген, жетімдік пен шеттетілудің дәмін татып жетілген Сұлтанхан Жүсіппен архив кезіп, «дәруіш болу» – ғылымға бару жолын бастадық. Әлі де сол соқпақтамыз.

Сұлтекеңнің достары, тілектестері көп, оның болмыс-бітімін түсінбеушілер, тіпті көре алмаушылар бұдан да көп болуы мүмкін. Бірақ соңғылары «кісі танымайды-ау». Енді ойымызды дәлелдейік.

Біріншіден, осы Сұлтанхан болмаса, ұлттың маңдайға басқан дарасы, Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханның 15 томдық мұрасы шығар ма еді?

Екіншіден, Сұлтанхан десте-десте публицистикалық мақала жазбаса, орыстілді аудитория Алашты, оның елеулі оқиғаларын, Ә.Бөкейхан өмірі мен қайраткерлігінің тылсым тұстарын кең білер ме еді?

Үшіншіден, «Азаттығы» бар, азаттық емесі бар – ерікті-еріксіз БАҚ, әсіресе оның 2000 жылдардағы даму үдерісі алашшыл Сұлтанханның өресінен, өткірлігінен зиян тапты ма?

Жалпы қаламгерлік тұрғысынан С.А.Жүсіп – өте қызық құбылыс. Мысалы, ол 28 жасына дейін көсіліп ештеңе жазбаған. Күні кешеге шейін жеке зерттеу кітабын да шығармаған (алаштанушылар М.Мағауиннің ыждағатымен «Жұлдыз» журналында тұтас басылған диссертациясын оқитын). Алматыдағы №12 қазақ мектебінде оқыған, қазақшасы да әжептәуір, алайда орысша төгілтеді және ел һәм ұлт мәселесі дегенде кеуікеткендердің «кеңірдегін жұлып алады». Қай жұмыста болсын әділетсіздікке төзбейді. «Көке-жәке» – оның сөздік қорында жоқ сөздер. Әрине, етегіне намаз оқымайды. Түркістандағы тентектігін тым ұмытып кетпейді. Адалдығы, жауапкершілігі алда тұрады. Уәде берді ме – орындайды.

Ол – біршама сері, заманауи жігіт. Киіміне қылау түсірмейді. Оның пошымы мен пішімі ешкімге ұқсамайды. Ешқашан аузынан – сөзі, қойнынан бөзі түскен емес.

1995 жылы алғаш Мюнхенге, кейін Прагаға кеткенде, біреулер «әлихантануға қайта оралмайды» деп болжаған. Сұлтекең заманауи тәсілмен Ресей архивтерінен ескі материалдардың көшірмесін алдыртып, Шығыс Еуропада жүріп те Алаш үшін тер төгіп жатты.

Алпысты алқымдаған досымыз өмірдің де, тағдырдың да қайнаған ортасынан шыққан. Диссертация қорғауы үстінде ғалым-хатшы мектеп бітіргеннен кейін атқарған жұмыстарын санамалағанда, көпті көрген ғалымдар басын шайқағаны да есімізде. Кейінгі «Жаңа фильм» журналының редакторы, Өнер академиясының кафедра меңгерушісі, Астана мэрінің баспасөз хатшысы, «Алашорда» қорының (баспа ісі) басшысы т. б. қызметтері – болашақ сергек сұлтанхантанушыларды бейжай қалдырмайды деп есептейміз.

Елуді еңсергенде жарқ еткізген «Қазақ жерінің жоқшысы» атты монографиясынан басталатын қазақ, ағылшын, орыс тілдеріндегі кітаптары – оқырманның талқысы мен қалауында. Кітапхана сөресінде шаң басып тұрмай, тоз-тозы шығатынына сенімдіміз.

Кейіпкерімізді сері дегенге қырда гүл теріп, той тойлап жүреді деп қалмаңыздар. Сұлтекең – аса жауапты отағасы. Жұбайы Нұргүл ханым – әйгілі композитор Мыңжасар Маңғытаевтың перзенті, әжесінің бауырында өскен инабатты жан. Бірі Швецияда, екіншісі АҚШ-та оқыған Әсем, Зарема қиырды жайласа да, Алаш ардагері Ә.Бөкейхан мен әкесінің кітабын ағылшын тіліне аударып, рухани қолғабыс етіп жүргенін ілтипатпен айтамыз.

Ол алпыс деген белесіне Алашқа қызмет етіп, абыроймен жетті.

Оның марқұм анасы босанар алдында түс көрген екен. Түсінде мақпал түнде бір жұлдыз аса биіктен жарқырапты деседі...

Мұны төрт-бес інісін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай баққан Сұлухан әпкесі айтып берген еді.

Иә, Сұлтанхан тумай тұрып көрінген жұлдыз қашан да биік. Өйткені ол – мың өліп, мың тірілген қазақты жақсылыққа бастаған Алаш рухы ғой.

**Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,**
**ҰҒА академигі**





**Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

# ҚОРҒАЛЖЫННЫҢ ҚАДІРІН ҚАШАН БІЛЕМІЗ?

Қорғалжынның елі мен жері жайында айтылатын аңыз да, ақиқат та жетіп артылады. Қорғалжын ауданы 1932 жылы Алаш қайраткері Хайретдин Болғанбаевтың бастамасымен құрылған еді. Аудан аумағында негізінен, қазақ ағайындар тығыз шоғырланған. Кеңес заманында «Қорғалжын – нағыз қазақ ауданы» деп айтылатын еді.

Ежелгі Қарақойын-Қашырлы белесіндегі Теңіз-Қорғалжын ойысының жазық даласында жайғасқан айтулы аудан солтүстігінде Ақмола облысының Егіндікөл, Астрахан аудандарымен, оңтүстігінде Қарағанды облысының Нұра ауданымен, шығысында Целиноград ауданымен шектеседі. Ал батыс жағы Торғай даласымен ұласып жатады. Бүгінгі таңда аудандағы 18 ауыл Амангелді, Арықты, Кеңбидайық, Қарашалғын, Қорғалжын, Қызылсай, Майшұқыр, Сабынды ауылдық округтеріне біріктірілген. 2019 жылғы деректер бойынша қазір Қорғалжын ауданында 8815 адам тіркелген болса, оның ішінде қазақтардың үлесі 88 пайызды құрап отыр. Сондай-ақ тұрақты тұрғындардың қатарында орыстар, украиндар, беларустар, немістер және басқа ұлттың өкілдері бар.

Аудан аумағынан Нұра және Құланөтпес өзендері өтеді. Көлдер де жеткілікті, бәрін айтпасақ та, Теңіз, Қорғалжын, Асаубалық, Құмкөл, Алакөл, Сұлтанкелді, Есей, Шолақшалқар, Жәнібекшалқар, Шишалқор, Қарасор көлдерін ел-жұрт жақсы біледі.

Қорғалжын дегенде елді елең еткізетіні, әрине, Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы. Бұл қорықтың аты тек Қазақстан емес, шетелдерге де танымал.

Астананың оңтүстік-батысына қарай 130 шақырым жерде орналасқан Қорғалжын қорығы – әлем картасында айрықша орын алатын сулы да нулы аймақ. Қорықтың көлемі 259,9 мың гектар жерді алып жатса, оның 198 мың гектары акваторий саналады. Қорық аумағында Теңіз және Қорғалжын көлдері жатыр. Қорықтың негізін құрайтын Теңіз көлінің ұзындығы 85 шақырымды құраса, ені 35 шақырымға жетіп жығылады. Көлдің суы минералды, емге дәру болады. 2000 жылдан бастап «Тірі көлдер» халықаралық ұйымына кірді. Әлемдегі ерекше бақылауды талап ететін Рамсар конвенциясының «А» тобында тіркелген. Сондай-ақ 2012 жылы Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы ЮНЕСКО ұйымының биосфералық резерваттар жүйесіне қабылданды.



Қорғалжын қорығының ең басты көрсеткіші, мұнда 340 түрлі құс мекендейді. 126 құс осында ұя басады. Өте сирек кездесетін құстарды да Теңіз көлінен көруге болады. Олар, әрине, ерекше қорғауға алынып отыр. Атап айтқанда, қорықты мекендейтін 37 құс түрі Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілсе, 26 құс түрі халықаралық «Қызыл кітап» тізіміне тіркелген. Жалпы, қорықтың табиғи ресурсы 15 миллион құсты асырауға жетеді екен.

Қорғалжын қорығы сулы-нулы жерде тұрғандықтан, мұнда өсімдіктің сан түрі өседі. Табиғат зерттеуші мамандардың дәйектері бойынша мұнда өсімдіктің 500-ге жуық түрі өседі.

Табиғаттың, даланың органикалық тепе-теңдігін сақтауға әсер ететін қызғалдақ гүлдерін қорғау және көбейту мақсатында қорық аумағында «Қызғалдақтар фестивалін» ұйымдастыру дәстүрі қалыптасқан.

Қорғалжын қорығының басты бренді – қоқиқаздар. Айрықша сұлулығымен ерекшеленетін қоқиқаздар үшін Қорғалжын қорығы солтүстікте қоныстанатын соңғы мекен саналады. Бұл құстар жыл сайын көктемде Африканың шығыс-батысынан, Иран, Үндістан және Пәкістан елдерінен ұшып келіп, осында ұя басып, балапандарын қанаттандырып, қара күздің салқыны түсе бергенде келген ізімен жылы жаққа қайта ұшады.

Қоқиқаздың негізгі қорегі – артемия құрты. Мұндай құрттар тек тұзды көлде болады. Ал Теңіз көлінің тұздылығы әлемдік мұхиттардан 5-6 есе артық.

Табиғат қорғаушы мамандардың айтуынша, ертеректе Теңіз көліне келіп қонатын қоқиқаздар саны 100 мыңнан асып жығылатын болса, соңғы жылдары едәуір кеміген. Бұған басты себеп ретінде Азия құрлығындағы орын алатын әскери іс-қимылдар аспан кеңістігіндегі құстардың миграциялық жолдарын тарылта түскені айтылады.

Қорғалжын қорығының мақтанышына айналған қоқиқаздар өте тәкаппар әрі сақ құс болғандықтан, адамдарға тым жақындамайды. Солай болғанымен, саяхатшылар осы құсты көру үшін ғана Қорғалжын қорығына арнайы барады. Әсіресе дәстүрлі «Қоқиқаздар фестивалі» өткенде мұнда келушілер саны еселеп артады.

Қорғалжын даласының сәні саналатын киіктер ерекше қамқорлыққа алынған жануарлар тізіміне енгізілген. Жыл сайын саны азайып бара жатқан бұл жануарды қорғауға және күтуге айрықша мән беріліп отыр. Сондай-ақ Теңіз көлінің қорысында мекендейтін жабайы қабандар, жер бауырлап жүгіретін борсықтар мен суырлар, түлкілер мен қасқырлар да қорықтың табиғи байлығына баланады.

> Елорданың іргесіндегі Қорғалжын жері – айдынды көлдерімен, өзендерімен, сан алуан аң-құстарымен, аттай тулаған балығымен ерекшеленетін сулы да нулы жердің өзіндік керемет табиғаты бар аймақ. Бұл жерде қазақтың маңдайына туған талай таланттың тұсауы кесілген. Бір ғана Қорғалжын қорығының өзі неге тұрады?! Алайда, табиғаттың ерекше маржанына айналып тұрған Қорғалжынның игілігін көре алмай келеміз. Неге?

Қорық құрамындағы өзен-көлдерде сан алуан балық тіршілік етеді. Олардың ішінде мөңке, аққайран, алабұға, шортан және торта балықтары өте көп.

Балықшылар мен аңшылар қорық аумағына арнайы рұқсат арқылы ғана кіре алады. Балық аулау және аңшылық жасауына қатаң бақылау жүргізіледі.

Сонау 1968 жылы мемлекеттік қорық ретінде ұйымдастырылған Қорғалжын қорығы Қазақстанның киелі картасына кіретін бірден-бір маңызды нысан саналады. Алайда осы қорықтың табиғи әлеуеті мейлінше пайдаланылмай отырғаны жасырын емес. Жоғарыда атап өткеніміздей, сан алуан құсы мен аң-жануары, асау тайдай тулаған балықтары бар Теңіз көлінің жағасында орналасқан қордың әкімшілік орталығында орналасқан «Қонаев саяжайы» ғана көзге ерекше көрінеді. Басқа не бар?! Тағы бір бар деп айтуға тұрар пайдалысы – көлдің маңайындағы тұзды балшықтар.

Бала кезімде, яғни 70-інші жылдары, аталарым осы көлдің маңайындағы тұзға келіп апталап жатып кететін еді. Екі-үш үйдің адамдары бірігіп, қойын сойып, басқа да азық-түлігін түгендеп, тұзға аунап жататын. Сонда естігеніміз, бұл жердің тұзы буынға пайдалы, басқа да сырқаттың алдын алуға септігі бар дейтін әңгіме болатын. Естуімше, әлі де ел-жұрт өз бетімен барып жатады екен. Бірақ келген жұртқа бағыт-бағдар беретін, қызмет көрсететіндей жағдай жасалмаған. Ал шындап қолға алынса, осы жерден пансионат немесе шипажай ашып қойса да болар ма еді?!

Ал қорықтың басында туристер үшін ішкі саяхат ұйымдастыруға, жай демалуына жағдай жасап қойса, өз елімізден ғана емес, шетелден де туристер келер еді ғой. Мәселен, қорық басына қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін бір жақсы қонақ үй салып қойса келушілер көбеймесе, азаймас еді. Әрине, қазір мұнда ешкім келмейді деп айта алмаймыз, өйткені мемлекеттік қорық болғандықтан келушілер болатыны сөзсіз. Ал ондай қонақтарға қорғалжындық Марат Әлімжанов жетекшілік ететін «Дударай» ансамблінің әншілері мен күйшілері өздерінше қызмет көрсетіп жүргенін білеміз. Олар қолда бар мүмкіндігімен киіз үй тігіп, концерт ұйымдастырады.

Түйіндеп айтқанда, ғалымдардың пайымдауынша, Жәнібек хан орда тіккен, қол бастаған батырларымен, өнер қайраткерлерімен, еңбек ерлерімен, атақты спортшыларымен, қаймағы бұзылмаған қазақшылығымен аты шыққан Қорғалжын өңіріндегі тек қана Қазақстанның емес, бүкіл Орта Азиядағы аң-құсқа мейірлі мекен болып отырған ерекше табиғат маржаны саналатын Қорғалжын мемлекеттік қорығын туризмнің ошағына айналдыруға болар еді деген ой келеді. Ол үшін Үкіметтің туризмді дамытуға қатысты жобаларына Қорғалжын қорығын қосса нұр үстіне нұр болар еді.

# ГРАНТҚА КІМДЕР ЛАЙЫҚ?

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Мемлекет басшысы бекіткен «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын тағайындау жөніндегі конкурстың басталғаны туралы хабарлайды.

Конкурсқа 14-29 жас аралығындағы жастар үміткер бола алады.

2022 жылы конкурс шеңберінде 30 грант беріледі, олардың әрқайсысы 3 миллион теңгеден болады.

Грантты тағайындаудың мақсаты белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын мемлекеттік қолдау болып табылады. Оны алуға конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталған кезде жасы 14-тен кіші емес және жасы 29-дан үлкен емес Қазақстан азаматтары үміткер бола алады.

Гранттар Қазақстан азаматтарына келесі бағыттар бойынша жаңа идеялар мен бастамаларды іске асыру үшін конкурстық негізде беріледі:

«Ғылым» – ғылымның басым секторларында жаңа ғылыми жобалар мен зерттеулерді іске асыру үшін;

«Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын танымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыру үшін;

«Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT-шешімдер мен жобаларды, оның ішінде бастаушы стартап-жобаларды іске асыру және әзірлеу үшін;

«Бизнес» – экономиканың басым секторларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін;

«Медиа» – жаңа медиа-жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контентті құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін.

Үміткерлердің конкурстық өтінімдері (қағаз нұсқада) ағымдағы жылғы 14 тамызға дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» Әкімшілік ғимараты (14-кіреберіс); байланыс телефондары: 8(7172)74-12-78, 8(702-000-88-12).

Электрондық нұсқаны пошта арқылы generation.kaz@gmail.com жіберу керек. Конкурстық өтінімдер мемлекеттік немесе орыс тілдерінде қабылданады.





# ЖҰРТ БОЛЫП ҚОЛҒА АЛАЙЫҚ

Қазіргі уақытта ерекше оқытуды қажет ететін балалармен жұмыстағы өзекті мәселе – инклюзивтік білім беру. Инклюзивтік білім ерекше оқытуды қажет ететін балаға өзінің құқығын іске асыруға мүмкіндік бере отырып, өмірге деген дұрыс көзқарасын арттырады. Инклюзивті білім беру жүйесінің өзі – инклюзивтік қоғам дамуының тиімді механизмі.

Инклюзивті білім беру жүйесін дамыта отырып, біз инклюзивті білім беру арқылы әрбір адам үшін қоғамды дамытуға үлес қоса отырып, жол ашамыз деген ойдамын. Инклюзивті білім ерекше балаларға балабақша, мектеп, институт, мектепке дейінгі және мектеп өміріне толық көлемде қатысуына мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру ерекше оқытуды қажет ететін балаларды қарапайым адамдармен тең қарым-қатынаста болуға, тең құқылы болуға жетілдіреді.

Балалардың барлығы бірдей бақытты болуға тиіс тең дәрежеде шамасы жеткенше білім алуы тиіс. Инклюзивті білім беру ерекше оқытуды қажет ететін балаларға қоршаған орта мен жалпы қоғам алдында бірдей ел қатарлы өмір сүруі үшін тең құқылы болуға қолдау көрсетеді. Мектеп – тек білім беру қызметін ғана атқармай, бала өмірінде тәрбие берудің де негізгі саласы. Ерекше оқытуды қажет ететін балалардың әлеуметтік-тұрмыстық өмірге сүруге деген құлшынысын толық қалыптастыруға атсалысуымыз керек. Жалпы білім беретін мектепте ерекше оқытуды қажет ететін балаларға қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Қазақта аталы сөз бар: «Балаң аяулы болсын десең, өзін аяма» деген. Бұдан не ұғамыз, ерекше қажеттілігі бар балаларды басқа балалармен тең көру үшін бірдей тапсырма, бірдей тәрбие беруіміз қажет. Балаға аяушылық факторы керек емес, біз үшін балалардың барлығы бірдей. Барлық балаларға ең бастысы адамгершілік, өмір сүруге деген құштарлық, қоршаған ортаны сүю, өзін бағалау, адамдарға өшпенділікпен емес, махаббатпен қарап, жатырқамай тіл табыса алуға үйретуіміз керек. Басқа дені сау балалар қол жеткізе алатын мүмкіндік ерекше оқытуды қажет ететін балалардың да қолынан келетінін баса түсіндіруіміз қажет. Ал осы жағдайларды басты назарға алып, түзету көмегін беретін ұстаз – педагог-дефектолог жалпы білім беретін мектептің педагогтарына нұсқаушы болуы керек. Инклюзивті білім беру – барлық балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім беру үрдісінің дамуы. Сондықтан да педагог-дефектолог ерекше оқытуды қажет ететін балалардың қалыптасуына, өз бетімен өмір сүруіне бағыт-бағдар беруі керек. Алдымен баланың даму ерекшелігін анықтайтын диагностикалық сараптама тесттер арқылы ойынның, қиялы мен зейінінің тұрақтылығын анықтау қажет. Ол үшін жалпы білім беретін мектептер ПМПК қорытындысы бойынша көрсетілген, баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен тәрбиелеуі және оқытуы тиіс. Жалпы білім беретін мектептер, сол мектептің арнайы педагогтары оқытатын білімі мен тәрбие үрдісі ерекше оқытуды қажет ететін балалар үшін «Өмірлік орнын толтырудың» тәрбие институты болуы қажет.



Оны оқуға, жазуға, есепке, еңбектенуге, мәдени тәртіп ережелерін үйреніп, әртүрлі әрекетке икемділігін қалыптастыру маңызды. Әрбір педагог болсын, ата-ана болсын жалпы адамзат ерекше оқытуды қажет ететін балаларға көмектесіп, олардың өмірде өз орнын табуға жағдай жасауы керек. Бұл балалар үшін білім мазмұнын дидактикалық ойындар, түрлі көрнекі құралдар арқылы қалыптастыру өте маңызды. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімінің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да – ойын әрекеті. Қазірдің өзінде ойынның түр-түрі бар. Атақты Мария Монтессоридің де интеллектуалдық ойындар да, кюизенер таяқшалары да, т. б. қай ғалымды алмайық, өзінің ойын туралы еңбектерінде: «ойын – баланың жетекші әрекеті» деген сипаттама береді, өйткені ойын арқылы баланы ақыл-ой жағынан да, дене жағынан да алға жетелеп, дамытатыны сөзсіз, баланың ойын ашық жеткізіп, өсіп-жетілуіне септігін тигізеді. Баланың ақыл-ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында компьютерлік сауаттылыққа баулу – бүгіннің талабы. Соған сәйкес түрлі компьютерлік ойындар бар. Бірақ мені мазалайтын бір ой бар, ол шетелдік ойындардан гөрі өзіміздің этнопедагогикамызды жаңғыртсақ екен. Себебі бізге де қазақи әдемі дамытушы ойындар мен ойыншықтар ұйымдастыруымызға болады. Ешкімге ұқсамайтын, көшірмесі жоқ, таза өзіміздің салт-дәстүрімізге сай зияны жоқ, пайдасы көп ойындар мен ойыншықтарымыз шықса екен деймін. Ерекше оқытуды қажет ететін балалармен арнайы ұйымдастырылған ойын түрлері мен оқу кітаптары көбейіп жатыр. Балалардың сөйлеу, ойлау, ойнау деңгейінің қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Қорыта келе, болашағымыздың жас ұрпағы дені сау болса, елімізге де, отбасымызға да зор қуаныш пен бақыт әкеледі. Қазақ елінде болашағы жарқын, өркениетті қоғам құру үшін дені сау, тәрбиелі ұрпағымызды көп болып, жұп болып, жұрт болып тәрбиелеуіміз керек.

**Эльмира ДОСАМАНОВА,**
**№25 орта мектептің**
**педагог-дефектологы**

## #КЕРЕККЕҢЕС

# ОНЛАЙН БИЛЕТТЕРДІ САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕ АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ



Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті елордадағы түрлі ведомстволардың басшылары мен қызметшілерінен келіп түсетін қоңырауларға байланысты алаяқтықтың жиілеп кеткенін ескертеді.

Қазақстанда бөлшек электрондық коммерция нарығы жылдан жылға өсіп келеді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша оның көлемі 1 триллион теңгеден асты, бұл 2020 жылға қарағанда 75%-ға және 2019 жылмен салыстырғанда үш есе артық.

Бүгінде көпшілік қызмет көрсетудің онлайн түріне әбден дағдыланып алды. Концерттер мен басқа да іс-шараларға, пойыз бен ұшаққа билет сатып алу үшін қазір ілуде біреу болмаса, тұрғындардың басым бөлігі үйде отырып-ақ интернетпен ресімдеуге көшкен. Бұл ретте алаяқтарға алданып қалмас үшін қарапайым халық нені білгені жөн?

Интернет-алаяқтардың құрбаны болмас үшін полиция сақтық шараларын сақтауды ұсынады. Егер құқық қорғау органдары немесе банк қызметкерлерінің атынан қоңырау түссе, сөйлесуді тоқтатып, ресми телефондар немесе 102 арнасы арқылы тексеру қажет. Құқық қорғау органдары билеттерді онлайн сатып алу кезінде қырағылық танытып, киберқауіпсіздіктің негізгі ережелерін сақтау керектігін ескертеді.

## КҮМӘН КЕЛТІРМЕЙТІН БИЛЕТТЕР

Арампиғылды алаяқтар «билеттерді сату» кезінде сатып алушыға еш күмән келтірмейтіндей барлық жағдайды туғызуға тырысады. Мұндай ресурстарды жасаушылар веб-сервер мен шолғыш арасында қауіпсіз байланыс орнатуға мүмкіндік беретін SSL сертификаттарын сатып алады, олардың жалған сайттары https-тен басталуы мүмкін. Бұл жағдайда қауіпсіз байланыс белгішесін көрген пайдаланушы оқиғаның құрбанына айнала алады. Осындай сайттан билетті сатып алу үшін берілген форманы толтырып, адам ақшасын жоғалтып, билетті ешқашан ала алмауы мүмкін.

## АЛАЯҚТАРДЫҢ ЖАЛҒАН ХАБАРЛАМАЛАРЫ

Алдаудың ең көп таралған схемаларының бірі – концерттер, спорттық матчтар немесе кино премьералары сияқты өзекті оқиғаларға арналған фишингтік хабарламалар. Мұндай жағдайларда зиянкестер іс-шараларды ұйымдастырушылардың атынан пайдаланушының лотереядағы жеңісі туралы хабарламалар жібереді және белгілі бір іс-шараға тегін немесе өте төмен бағамен баруды ұсынады. Билетті рәсімдеу түрінде ықтимал жәбірленушіден аты-жөні, электрондық поштасы, телефон нөмірі және банк картасының деректері сияқты жеке ақпаратты сұратуы мүмкін.

Сонымен қатар, фишерлер өз хаттарында билеттерді жеңілдікпен сатып алу үшін жалған беттерге сілтемелерді тарата алады. Солар бойынша өтіп, пайдаланушылар зиянкестерге өздерінің дербес деректерін және банк карталарының нөмірлерін ашу тәуекеліне ұшырайды, бұл, атап айтқанда, ақша ұрлығына алып келеді.

## АЛДАНҒАНЫҢЫЗДЫ ҚАЛАЙ БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

Егер сіз хаттардағы қызықты тақырыптар мен бас тақырыптарды көрсеңіз, абай болыңыз. Әрине, тартымды тақырып сіздің сүйікті дүкеніңізде болуы мүмкін. Бірақ соған қарамастан, мұндай мәтіндерге сыни көзбен қарау керек. Хаттың мәтіні қалай жасалғанына назар аударыңыз. Егер онда қателер мен дәлсіздіктер болса, қаріптердегі ұқыпсыздық, әріптік емес таңбалар немесе жеке әріптерді ағылшынша ауыстыру болса, абай болу керек. Бұл хаттың сілтемелері бар сайттарға да қатысты.

Хаттың кімнен келгенін мұқият қараңыз. Мекенжайдағы info немесе auto сөздері спам болуы мүмкін. Сондай-ақ, егер қандай да бір ұсыныс сізге белгісіз адамның жеке қорабынан келсе, бұл күмәндануға себеп болады.

Хабарламаға күмәнмен қарайды. Интернет арқылы билет сатушыларының сайтынан құпиялылық туралы ережені іздеңіз. Сенімді қызметтерде, әдетте, сайт иелері құпия деректерді қалай жинайтынын, пайдаланатынын және сақтайтынын түсіндіретін құжат болады. Егер мұндай құжат болмаса, бұл күдік тудыруы мүмкін.

Тым тартымды бағамен сатып алудан аулақ болыңыз. Егер билеттер бөлшек саудадан әлдеқайда төмен бағамен сатылса, жарнаманың жалған болу ықтималдығы жоғары болып табылады.

Билеттерді сататын ұйымның мекенжайы мен телефонын тексеріңіз. Заңды сатушылар әдетте сайтта өздерінің байланыс нөмірі мен нақты мекенжайын көрсетеді. Алаяқтар көбінесе оны көрсетпейді немесе жалған мекенжай қолданады. Сайттың банк карталарын қабылдайтынын тексеріңіз. Егер сайтта картамен төлем жасалмайды деп жазылған болса, бұл күдік тудырады, өйткені несиелік карта эмитенттерінің компанияларынан жалған ресурстарға сертификаттау жүргізу қиынырақ.

